



САЯСИ РЕФОРМАЛАР КӨРІНІСІ

4-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



ЖҮРІСІНЕН ЖАҢЫЛҒАН ПОЙЫЗДАР

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



«Z» ҰРПАҚ ДЕГЕН КІМ?

11-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗ

МӘЖІЛІС ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

ELORDA.INFO

№16
(4449)

Бейсенбі
9 ақпан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕРІҚТІЛЕР БАСТАМАСЫ

Ұлттық волонтерлер желісі ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің үйлестіруімен Түркиядағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинау іс-шарасы басталғанын хабарлайды.

Гуманитарлық көмек Ұлттық волонтерлер желісіне (Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 11/5, 5-қабат, 505-кабинет) жиналады. Сондай-ақ гуманитарлық көмек республикалық маңызы бар барлық қалалар мен облыс орталықтарындағы «Birgemiz» өңірлік волонтерлер фронт-офисінің кеңселерінде ұйымдастырылып, Ұлттық волонтерлік желісі арқылы Қазақстан Республикасындағы Түркия елшілігіне тапсырылады.

Сондай ақ қаржылай көмек мына реквизиттер арқылы қабылданады. Занды тұлғалар үшін: «Қазақстан халық банкі» АҚ, «Ұлттық волонтерлер желісі» ЗТБ, БСН 120940015916, БИК: HSBKZKZKX, Р/С: KZ23601A871001005521. Жеке тұлғалар үшін: Kaspi.kz қосымшасында – «Төлемдер» – «Қайырымдылық» бөлімінде: «Ұлттық волонтерлер желісі» ЗТБ Түркиядағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек. Барлық сұрақтар бойынша «Birgemiz» республикалық волонтерлер фронт-офисінің ақпараттық орталығына хабарласуға болады: 8-708-706-42-42, Қабанбай батыр көшесі, 11/5, 505-кеңсе.

ҚАҢДАС МӘРТЕБЕСІН АЛДЫ

Жыл басынан бері 1,5 мыңнан аса этникалық қазақ қандас мәртебесін алды.

1 ақпандағы жағдай бойынша биыл 1539 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алған, деп жазылды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінде.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың жартысы (50%) Өзбекстаннан, 16,3%-ы – Қытайдан, 15,9%-ы – Ресейден, 8,4%-ы – Түрікменстаннан, 4,5%-ы – Моңғолиядан және 4,9%-ы басқа елдерден келген.

Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 108,5 мың этникалық қазақ оралды.



БАУЫРЛАС ЕЛГЕ КӨМЕК

Бүгінгі таңда әлем назары жері сілкінген Түркияға ауып отыр. Алапат зілзала салдарынан соңғы мәліметтер бойынша шамамен 10 000-ға жуық адам қайтыс болып, 40 мыңға жуығы жарақат алды. Көптеген мемлекет гуманитарлық қолдау көрсетіп, құтқарушылар қол ұшын соза бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елге жан-жақты көмек көрсетілетінін мәлімдеп, 1 миллион доллар бөлуді тапсырса, қазақстандық тұрғындар өз еркімен 34 миллион теңге жинап үлгерді.

ЕЛОРДАНЫ ГАЗДАНДЫРУ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБА

Астананы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы газдандыру жұмысы жыл жүргізіліп жатқанын атап айтты. Мәселен, өткен төрт жылдан астам уақытта небәрі 8 мыңдай отбасы ғана газға қосылған. Мұның себебі неде, газ тарту қымбат па, әлде басқа да себептер бар ма? Ал шын мәнінде газдандыру бұл ең негізгі мәселенің бірі – қаланың экологиялық жағдайын жақсарту мен халықтың тұрмысын жеңілдету емес пе еді?..

6



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 489.43 \$ USD/KZT 456.98 ₸ RUB/KZT 6.45 ¥ CNY/KZT 67.33

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ТҮРКИЯ ЕЛШІЛІГІНЕ БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының Қазақстандағы елшілігіне барып, бауырлас елдің оңтүстік-шығысында болған алапат зілзала салдарынан мыңдаған адамның қаза табуына байланысты көңіл айтты.

Сондай-ақ Қазақстанның жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді. Президент көңіл айту кітабына жазба қалдырды.

«Түркияда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көп адамның қаза болуы баршамыздың қабырғамызды қайыстырды.

Қазақстан халқының және жеке өз атымнан түрік бауырларымызға көңіл айтамын» деп жазды Мемлекет басшысы.

АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТЕДІ

Халықаралық қоғамдастық жікке бөлінушіліктің күшею және геосаяси бөліну дәуіріне қадам басқан кезеңде Қазақстан негізгі жаһандық сын-қатерлерді шешу үшін күш жұмылдыру мақсатында жаңа диалог алаңы – Астана халықаралық форумын өткізуді қолға алды. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Форум Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен 2023 жылғы 8-9 маусымда Астанада өтеді. Аталған жиын климаттың өзгеруіне, азық-түлік тапшылығына және энергетикалық қауіпсіздікке қатысты мәселелерді шешу жолдарын қарастыру мақсатында шетел үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың, бизнес пен ғылыми

ортаның жоғары лауазымды делегаттарының диалогына арналған алаң болмақ.

Астана халықаралық форумының іске қосылуына Астана экономикалық форумының жетістігі себеп болды. Оның тұжырымдамасы сыртқы саясат, қауіпсіздік және тұрақтылық, энергетика мен климат, сондай-ақ экономика және қаржы сияқты

төрт негізгі жаһандық мәселені шешуге арналған. Аталған мәселелер форумының «Диалог арқылы сын-қатерлерді шешу: ынтымақтастық, өркендеу және прогресс жолында» миссиясының өзегі болады.

Форум бағдарламасына негізгі баяндамалар, панельдік сессиялар, пікірталастар және басқа да іс-шаралар кіреді.

«БИЗНЕСКЕ ЖОЛ» ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің бастамасымен Есіл ауданы әкімінің аппаратында департаменттің бірінші орынбасары Ілияс Базиловтың төрағалығымен шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесу өтті.

Кездесудегі негізгі күн тәртібінде «Бизнеске жол» республикалық жобасы талқыланды. Бұл жобаның мақсаты – кәсіпкерлерге әртүрлі әкімшілік кедергілерді жеңуге көмек көрсету, құжаттарды ресімдеу кезінде бюрократиялық процестерді азайту, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету.

«Бұл жоба кәсіпкерлердің жер учаскелеріне рұқсат беру

құжаттарын ресімдеу және алу, коммуникацияларды жүргізу және қосу, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың әртүрлі шараларын – жәрдемақшалар, несиелер және тағы басқаларын алу кезінде кездесетін нақты проблемаларды шешуге бағытталған» деді кездесуде Ілияс Базилов.

Кездесуде қазіргі уақытта өңірлерде бизнес-өтімдерді қабылдау үшін арнайы алаңдар мен байланыс арналары жұмыс

істейтіні айтылды. Әлеуметтік желілер белсенді қолданылады – аймақтық филиалдардың басшылары Facebook-тегі бизнес өкілдерімен тікелей кері байланысты қолдайды. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің сұрақтары мен шағымдары Антикор колл-орталығында 1424 нөмірі бойынша қабылданады. Кездесу соңында кәсіпкерлер өз сұрақтарын қойып, «Бизнеске жол» жобасы бойынша ұсынысын айтты.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қола дәуірінде өмір сүрген эгтведтік қыздың цифрлық көшірмесі жасалды.

Оның сүйектері Даниядағы мұражайда сақталған. Ғалымдар соларға метаверз технологиясын қолданған. Енді мұражай келушілерін мыңдаған жыл бұрын өмір сүрген адамның цифрлық бейнесі қарсы алып, сол кездің тарихын баяндайды. Эгтведтік қыздың сүйегі 1921 жылы табылған. Ғалымдардың пайымдауынша, ол біздің заманымызға дейінгі 1390-1370 жылдары өмір сүрген болуы мүмкін.



Ливан астанасы Бейрутта суда жүзіп жүретін әлемдегі ең үлкен кітап жәрмеңкесі өтіп жатыр.

Әзірге оның қорында әртүрлі жанрдағы 5 мың кітап бар. 2009 жылы неміс белсенділері жасақтаған бұл кеме 150 елдің 480-нен астам теңіз айлағында болған. Содан бері 49 миллион библиография түзіліпті. Игілікті іске 70 ұлттан 350 ерікті атсалысқан. Жобаның мақсаты – азаматтық соғыстан, саяси қақтығыс пен экономикалық дағдарыстан көз ашпаған елдер тұрғындарына бейбітшілікті насихаттау.



Google Research жасап шығарушылары Osmo деп аталатын нейрожеліні ойлап тапты.

Оның көмегімен бес мыңнан астам молекулалық бірікпелерден тұратын иісті сипаттауға болады. Өндірушілердің айтуынша, нейрожелі кез келген заттың молекулалық құрамын көрсетсе, оның иісі қалай шығып тұрғанын анықтап бере алады. Osmo қызметін иіссу зерханалары да қолдануы мүмкін. Авторлары нейрожелі көмегімен мүлдем еш иіске ұқсамайтын жаңа жұпар иістер ойлап табуы көздеп отыр.

УӘКІЛ ЕСЕП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі Рустам Жүрсіновті қабылдады. Мемлекет басшысына атқарылған жұмыстар мен отандық бизнесті одан әрі қолдау және кәсіпкерлердің мүддесін қорғау жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Рустам Жүрсінов Президентке 2022 жылғы 4408 өтініш келіп түскенін, оның 1530-ы (34%) оң шешімін тапқанын және 1030 (23%) өтініш бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілгенін айтты. Сондай-ақ былтыр бизнес-омбудсмен еліміздің барлық өңірінде кәсіпкерлермен кездесу өткізген.

Уәкіл өткен жылы рейдерлікке қарсы күресті күшейтуге және бизнесті мемлекеттік органдардың заңсыз араласуынан қорғауға қатысты түзетулер заңнамаға енгізілгенін жеткізді. Сонымен қатар Президентке кәсіпкерлік қызмет саласына жаңа реттеуші саясатты енгізу жөніндегі тапсырма-

ларының орындалу барысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің есебін қабылдап, бизнеске қатысты әкімшілік кедергілерді анықтауға және оларды жою шараларын әзірлеуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.



СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫН

Бас қалада су тасқынына қарсы іс-шаралар жүріп жатыр. Қаладағы су тасқыны қаупі бар учаскелердің саны өткен жылдармен салыстырғанда 21-ге дейін азайды. Бұл жөнінде қала әкімдігінде өткен кеңесте айтылды.



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қардың еруі салдарынан жеке тұрғын үйлерді су басыну жол бермес үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды, су тасқыны қаупі бар учаскелер мен елді мекендерде қар күреу жұмысын ерекше бақылауға алу, су өткізу құрылысын тазалауға қатты назар аударуды тапсырды. Бұл жиынға қалалық Төтенше жағдайлар

департаменті, «Қазсушар», «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорындары, құрылымдық бөлімшелер және т. б. өкілдері қатысты. Кеңесте азаматтық қорғау органдары мен коммуналдық қызметтерде тұрақты дайындық жүргізілгені айтылды. Су тасқыны салдарынан болатын зардаптың алдын алу және жою үшін инертті материалдар қоры дайындалды.

Қазіргі таңда Астанада қар мен мұзды жинау жұмысы күшейтілген режимде жүргізілуде. Қыс мезгілінің басынан бері коммуналдық қызметтер елордадан 3 млн текше метрге жуық қар шығарды. Сондай-ақ арық-науа желісін, нөсеркәріз жүйесін бақылау және жаңбыр қабылдау құдықтары тазалау жұмысы жүріп жатыр.

СҮБЕЛІ СӨЗ

«» Әлихан СМАЙЫЛОВ, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі:

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі қолданысы кезінде әйелдер үшін зейнетке шығу жасын әр бала үшін 2 жылға қысқарту оларды болашақта лайықты зейнетақы төлемімен қамтамасыз ете алмайды. Бұған қоса, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам»

атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнет жасын арттыру 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде тоқтатылды. Жалпы зейнетақы жүйесін жетілдіру жұмысы жалғасып жатыр және ол өкілетті орган мен Үкіметтің тұрақты бақылауында болады.

(08.02.2023 ж. депутаттардың ұсынысына берген жауабында айтқан сөзі)

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙЕДІ

Биыл елорданың Алматы ауданында абаттандыру жұмысы жүргізілетін қоғамдық кеңістіктер санын 10-ға жеткізу жоспарланып отыр. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлы айтты.



– Былтыр аудан аумағындағы 8 қоғамдық кеңістік абаттандырылған. Биыл абаттандыру жұмысы жүргізілетін осындай нысандар санын 10-ға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Ең үлкен жоба – ол Қ.Сәтпаев көшесін толық абаттандыру. Қазір бұл мәселені тұрғындармен талқылап жатырмыз.

Яғни бұл аумақтарды қалай өзгертеміз, жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасау, балаларға арналған ойын алаңдарын қайда орналастыру керек деген сұрақтарды пысықтау үстіндеміз, – деді Мақсат Саматұлы. Бүгінде ауданда 20 мыңнан астам жарықтандыру көзі бар. Оның ішінде

2022 жылы 9 мыңға жуық жаңа үлгідегі жарықдиодты шамдар ауыстырылған. Сонымен қатар 4,5 мыңға жуық шамдар шағын алаптар мен аудандарда ауыстырылған болатын. Көшелерді жарықтандыру жұмысы жалғасуда.

– Атап айтқанда, ауданымызда 344 көше орналасқан болса, оның 315-іне біздің аудан қызмет көрсетеді. Қалған 29 көше бүгінде теңгерімге тапсырылып жатыр. 2023 жылғы жоспарға келетін болсақ, біз 1,5 мыңға жуық жарықдиодты шамдарды ауыстырамыз деп отырмыз. Қорытындылай келе, жыл соңында біздің ауданымыздың 95 пайызы жарықдиодты шамдармен қамтамасыз етілетін болады. Мұндай жұмыс биыл Абылай хан даңғылы бойында да жүргізілмек, – деді әкім.

Сонымен қатар ол ауданда 2013-2020 жылдар аралығында апатты жағдайда тұрған 82 үй сүрілгенін жеткізді. 6 мың тұрғын өзге жерлерге қоныстандырылған. Былтыр 1 үй сүрілсе, биыл Алматы ауданында апатты деп танылған екі үй сүріледі. Тағы 12 үйдің қаупін анықтау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Әкім одан әрі аудандағы нысандарды газбен қамту шараларына тоқталды. Газдандыру жұмысының алғашқы жылында, яғни 2021 жылы Алматы ауданында газға 1,5 мыңнан астам жеке үй қосылды. Биыл барлық абонент газбен қамтамасыз етіледі. Олардың ішінде 4300 үй газға қосылған. Сонымен қатар 2300-ден астам шағын және орта бизнес нысандары мен 4 әлеуметтік нысан газға қосылды.

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Бас қалада «Жан жылуы» қайырымдылық шарасы аясында қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Етік киген мысық» мультфильмі тегін көрсетілді.

«Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Астана қалалық филиалы ұйымдастырған көрсетілімді балалар үйінің және «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері, барлығы 50 бала тамашалады.

«Көрсетілім мақсаты – балалар үйінің тәрбиеленушілеріне барынша қолдау көрсетіп, «Жас сарбаз» қатарына тарту. Бүгінгі шараға Астана қаласы әкімдігінің «Қиын өмір жағдайындағы балаларды қорғау орталығы» мекемесінің және «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері келді. Осындай қайырымдылық шараларын ай сайын өткіземіз. Бұл көмек ретін-



де ғана емес, Астана балаларының пайдалы мәдени демалысы үшін де ұйымдастырылады» деді «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Астана қалалық филиалы

жетекшісі Асхат Налшыбек. Қайырымдылық шарасына қосылған «Кинопарк» кинотеатры ұжымы балаларға тәттілерді тегін таратты. **Дана АМАНГЕЛДІ**

ДӘРІГЕРЛЕР ТҮРКИЯҒА АТТАНАДЫ

Қазақстаннан Түркияға медициналық көмек көрсетуге баратын дәрігерлер бригадасы жасақталды. Оның құрамына Астана қаласының 8 дәрігері қосылды.



Дәрігерлер қатарында елордамыздың білікті дәрігерлері: терапевт, анестезиолог-реаниматолог, нейрохирург, травматолог мамандар бар. Ақ халатты абзал жандардың жалпы еңбек өтілі: 3 жылдан 29 жылға дейін. Айта кетейік, жалпы 30-дан астам маманнан өтініш келіп түсті.

«Апаттан зардап шеккен түрік ағайынның қайғысы бізге де ортақ екенін айтқымыз келеді. Бауырлас Түркия жұртшылығына көңіл білдіреміз, көмектескіміз келеді. Біз біргеміз!» деп жазылған дәрігерлер өтінішінде.

АҚШ-та медбике-робот қызмет көрсетеді.

Елде дәрігер тапшылығы технологияның көмегімен шешілмек. Күнітүні талмай жұмыс істейтін роботтар қазірдің өзінде тиімділігін дәлелдеп үлгерген. 1,5 метрлік көмекші робот алты айдан бері Чикагодағы медициналық орталықта қызмет көрсетеді. Шаршамайтын құлтемір дәрігерлерге қажетті құралдарды тез жеткізіп береді. Нәтижесінде аурухана қызметкерлерінің қолы ұзарды. Аурухана есебі бойынша екі робот ай сайын шамамен 1800 тапсырыс орындайды.



Калифорния және Кембридж университетінің мамандары мұздың басқа түрлеріне қарағанда өзгеше, сұйық суға ұқсайтын түрін ойлап тапты.

Эксперименттер барысында топ минус 200 градус Цельсийге дейін салқындатылған банкадағы болат шарлармен бірге кәдімгі мұзды шайқауға арналған ұнтақтау процесін қолданды. Нәтижесінде кәдімгі мұздың кішкене бөліктері емес, оның сұйық сумен бірдей тығыздықтағы, бірақ қатты күйдегі суға да ұқсайтын жаңа аморфты түрі пайда болды.

САЙЛАУ-2023

01.02.2023 жылғы 05-Ө бұйрығына №1 қосымша

«Elorda Aqparat» ЖШС, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына, сондай-ақ ҚР Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» және 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлықтарына сәйкес, «Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінің және «Elorda Info» желілік басылымының меншік иесі 2023 жылғы 19 наурызда сайлауға қатысатын барлық деңгейдегі ҚР Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

8 (7172) 42-43-52, 8-708-160-81-23, Асыл Сұлтанова
Қазақстан Республикасы, Астана қ., Достық к-сі, 13

Басылымдарға материал беру «Elorda Aqparat» ЖШС-пен жасалған 2023 жылғы 19 наурыздағы кезектен тыс сайлауға қатысатын ҚР Парламенті Мәжілісінің немесе барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидатқа баспа үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңын беру туралы жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады. Кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-пен басылымдарға орын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-тен сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады.

Мекемеге жіберілетін жазбаша өтініште мынадай ақпарат болуға тиіс:

- Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- Жазбаша өтініш берген кандидаттың ТАӘ, сенім білдірілген тұлғаның ТАӘ;
- Тұлғаның жазбаша өтініш беруге өкілетін растайтын құжат – кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- Басылымдарға берілетін материалдың жоспарланған көлемін және оны беру уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;
- Кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді «Elorda Aqparat» ЖШС 2023 жылғы 18 ақпаннан 17 наурызға дейінгі күнді қоса алғанда, күн сайын сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа, Астана қаласы, Достық көшесі, 13 мекенжайы бойынша 222-кабинетте қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Баспа материалдарын орналастыру кезегін «Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгілейді.

Үгіттік баспа материалдарын «Elorda Aqparat» ЖШС модульдер немесе мақалалар түрінде шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қойған газеттер шыққан күнге дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

«Elorda Aqparat» ЖШС үгіттік баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу,

мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табыну идеяларын жариялауды, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерлендірілгендерді құруды қараған жағдайда және заңнамада көзделген өзге де негіздерде оларды орналастырудан бас тартуға құқылы.

«Elorda Aqparat» ЖШС кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы хабарламада көрсетілген басылымдарға материал беру шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Басылымға материал ұсынғаны үшін төлем мөлшері:

«Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінің беттерінде жарияланымның 1 шаршы см орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 1265 теңге.

Газеттердің «vechastana.kz» «astana-akshamy.kz» сайттарында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 30000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 30000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында тапсырыс беруші ұсынған мақаланы (2500 белгіге дейін бос орны бар) орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 40000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында орналастырылған мақаланы (2500 белгіге дейін бос орны бар) жазу құны, ҚҚС қоса алғанда – 80000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымына тапсырыс беруші ұсынған баннерді орналастыру құны ҚҚС қоса алғанда мынадай болады:

– Баннер жоғары жағына қойылса – 1000*90 pxl (1 тәулік) 6000 теңге;

– Баннер орта жағына қойылса – 1000*90 pxl (1 тәулік) 5000 теңге;

– Баннер бір капталына қойылса – 350*300 pxl (1 тәулік) 4000 теңге;

– Баннер төменгі тұсына қойылса – 700*90 pxl (1 тәулік) 4000 теңге.

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүзеге асырылады.

Төлем тиісті шартта көрсетілген «Elorda Aqparat» ЖШС-тің банк деректемелеріне жіберіледі.

О. СЫДЫҚБЕК,
«Elorda Aqparat» ЖШС директоры

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев алдағы көктемде су тасқынының алдын алу мақсатында аудандық табиғатты қорғау полициясының қызметкерлерімен және «Астана су арнасы» МКК қызметкерлерімен бірге Ақбидай көшесі, 14-үйдің тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында төтенше жағдайға жол бермеу жөніндегі жұмыстарды алдын ала ұйымдастыру бойынша міндеттер айқындалды. Бұдан бөлек, орындалуы тиіс жұмыстар реті түсіндірілді, жергілікті жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берілді.

Бүгінде аудан бойынша арық-науа желілерін тазарту жұмысы жалғасуда.

Сонымен қатар су тасқыны болуы мүмкін аумақтар үшін қиыршық тастар мен қап құмдар дайындалуда.

Төтенше жағдайлар орын алма-сын десек, аудан тұрғындары және жалпы елордалықтар өз ауласынан қар үйіндісін шығарып, қызмет көрсетуші ұйымдардың алып кетуі үшін шаралар қабылдаса игі.

ҚАЗАҚСТАН ЭВОЛЮЦИЯ ЖОЛЫН ТАҢДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүзеге асыруға кіріскен реформалар өз жемісін бере бастады. Соның бірі – сайлау жүйесі.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгек» деп ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай, бұл сайлау бұрынғылардан өзгеше болғалы тұр. Басты өзгешелігі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне және облыстар мен ірі қалалар мәслихаттарына сайлау пропорционалдық және мажоритарлық жүйе арқылы, яғни партиялық тізіммен, сонымен қоса бір мандатты сайлау округтары бойынша жеке тұлғалар арасындағы тартыс түрінде өтетінімен байланысты.

Сонымен бірге аудандар мен кіші қалалар мәслихаттарына депутаттар сайлау тек жеке тұлғалар арасында өтетін болғандықтан, саяси дода қызғалы тұр. Қазір үміткерлерді тіркеу науқаны өтуде. Қоғам іш тартып тұр. Қай партия сайлауға қандай тізіммен қатысады екен, жеке тұлғалардан кімдер тіркелуде деген сұрақтар әр сай-

лаушының көңілін алаңдатып, қызығушылығын арттыруда. Аз уақыттан кейін ол да белгілі болады. Одан кейін үміткер партиялар мен жеке тұлғалардың үгіт-насихат жұмысы басталады. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, тартыс сол тұста қызатыны айдан анық. Сайлау технологиясын пайдаланып, әртүрлі әдіс-тәсіл арқылы үміткерлер әр сайлаушы үшін күрес додасын қыздыратын болады. Сайлаушылар үшін сындарлы сәт сонда туады. Халқымыздың саяси сауаттылығы сынға түседі. Еліміздің ертеңі үшін емтихан тапсыратын боламыз. Бұл үміткерлерге де, сайлаушыларға да тікелей қатысты.

Сайлауға қатысуға тіркелген әрбір партия халықтың сеніміне селкеу түсірмейтініне үмітіміз зор. Еліміз күрмеуі қиын күрделі өтпелі кезеңді бастан өткеруде. Саяси, экономикалық, әлеуметтік

реформалар жүзеге асырылуда. Кешегі қаңтар қасіретінен сабақ алып, қордаланып қалған көп мәселе оңды шешімін табуда. Осыны көріп бұл өзгерістің басы, жақсылық жалғасын табады деп халқымыз ертеңге зор үмітпен қарап отыр. Жұртымыздың осы үміті мен сеніміне селкеу түсірмеуді сайлауға қатысуға тіркелген әрбір партия мен үміткер тұлғалар терең түсінсе дейміз. Қоғамды өзгертудің екі жолы бар. Эволюциялық және революциялық жол. Қазақша баламасы – жағдайды есепке алу арқылы біртіндеп өзгеру және төңкеріс жасау. XX ғасыр революциялық жолын таңдаған. Өйткені олар төңкерістің соңы жақсылыққа апармайтынын білген. Қазан төңкерісі арқылы орнаған кеңес өкіметінің қан жоса тарихы – соның айқын айғағы.

Қазақстан эволюция жолын таңдады. Алдағы сайлау – соның жарқын көрінісі. Оның ашық, әділетті өтуі өте маңызды. Сайлау халқымызды ыдыратуға емес,

біріктіруге қызмет етуі тиіс. Сол арқылы еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға қадам жасалатынын терең түсінетін кез туды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Басты мақсатымыздың бірі – қоғамда өркеніетті саяси дәстүрді орнықтыру. Ол үшін жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Онсыз тұрақты әрі жан-жақты даму мүмкін емес. Референдумда халықтың қолдауына ие болған конституциялық реформаны жаңа саяси дәуірдің бастауы деуге болады. Бұл өзгерістер еліміздің саяси жүйесін эволюциялық жолмен дамытуға жол ашты. Әділдік, ашықтық және шынайы бәсеке реформалардың негізгі арқауына айналды» деген ҚР Парламенті Сенатының жаңа төрағасын сайлау жиынында сөйлеген сөзінен осындай ой туындады.

Қайрат САҚ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің деканы, алаштанушы ғалым

Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ,
Ұлттық құрылтай мүшесі, саясаттанушы:

САЯСИ РЕФОРМАЛАР КӨРІНІСІ



– Сайлаудың әділ өтуі азаматтардың сол саяси додаға қатысу белсенділігіне байланысты. Алдағы кезектен тыс Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы жаңа, ерекше жағдайда өтейін деп тұр. Мұның барлығы Президент жүргізіп жатқан саяси реформалардың нақты жемісі, көрінісі деп айтуға болады.

2019 жылдан бері Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі аясында саяси реформалардың 5 топтамасы қабылданды. Оның аясында еліміздегі белгілі саясаттанушылар, сарапшылар, қоғам белсенділерінің қатысуымен заңнамалық тұрғыда сайлау, саяси партиялар, шерулер туралы заңнамаларға өзгерістер енгізілді. Соның нәтижесінде алдағы өтетін сайлаудың бұған дейінгі саяси додалардан бір ерекшелігі – бұл сайлау жүйесінің өзгеруі. Яғни осы жолы сайлау пропорционалды-мажоритарлы жүйемен өтеді. Демек, тек партиялық тізіммен ғана емес, сонымен бірге жеке келеген азаматтар өзін-өзі ұсыну арқылы 29 мандат үшін таласқа түсе алады. Бұл орын тек Мәжіліс деңгейінде. Ал облыс, қала, аудан деңгейінде мәслихатта бұл үлес өзгереді. Мысалы, облыста 50/50 болса, аудан, қала деңгейінде 100 пайыз өзін-өзі ұсыну арқылы сайлауға қатысуға мүмкіндік беріліп отыр.

Алдағы сайлаудан кейін Мәжіліске жаңа саяси күштердің, жаңа саяси партиялардың келуі маңызды. Ал олардың төменгі палатаға өкілдік етуіне сайлау кезінде саяси партиялардың Парламентке өту шегін 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендету мүмкіндік береді. Сонымен қатар елімізде саяси партияларды тіркеу шарттары да біршама жеңілдеді. Нақтырақ айтсақ, бұрын саяси ұйымның тіркелуі үшін жақтаушылар саны 40 мың, одан кейін 20 мың болуы тиіс еді. Заңға енгізілген өзгертулердің арқасында саяси партиялар 5 мың жақтаушысымен тіркелуге мүмкіндік алды. Мұндай мүмкіндікті таяуда 2 саяси ұйым пайдаланып, Әділет министрлігінен ресми тіркеуден өтті.

Әрине, бұл еліміздегі саяси алуантүрлілікке мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, мұны сайлаудың жаңашылдығы, ерекшелігі деуге болады. Бұдан бөлек, дауыс беру бюллетеніне «барлығына қарсымын» деген жаңа баған енгізілді. Оның өткен кезектен тыс Президент сайлауында қолданылғанын көрдік. Нәтижесінде үміткерлердің «барлығына қарсымын» деген сайлаушылардың үлесі 5 пайызды құрады. Бұл да азаматтардың сайлаудағы

таңдау құқығы. Демек, саяси партияны немесе қандай да бір кандидатты мүлдем қолдамайтын азаматтар сайлауда осы құқығын қолданады. Яғни азаматтар сайлауға келіп дауыс беру, «барлығына қарсымын» деген бағанға белгі қою арқылы өзінің сайлауға қатысуы бар екенін білдіруге мүмкіндік алып отыр.

Сонымен қатар Президент бастамасымен әйелдер мен жастарға және мүгедек азаматтарға Мәжілісте 30 пайыздық квота қарастырылған. Мәжілістегі партиялық тізіммен сайланатын 69 мандатқа да, мажоритарлық тізіммен сайланатын 29 мандатқа да осы квота міндетті түрде сақталатын болады. Бұл әйелдердің, жастардың, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқығын пайдалануға үлкен үлес қосады.

Кез келген сайлаудың әділ өтуі бұл азаматтардың сол сайлауға қатысу белсенділігіне тікелей байланысты екені анық. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінде елімізде байқаушылар институты үлкен қарқын алып отыр. Яғни сайлаудың әділ, ашық өтуіне дауыс беру кезінде де, оларды санау кезінде де байқаушылардың қатысуы үлкен үлес қосады. Мәжіліске, әсіресе мәслихаттарға өзін-өзі ұсынатын азаматтың болсын, саяси партияның болсын сенімді өкілдері болады. Байқаушыларды да тартуға мүмкіншілігі бар. Біз осы байқаушылар институты арқылы сайлаудың әділ өтуіне септігімізді тигіземіз деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда халық қалаушыларына тұрғындар тарапынан талаптың жоғары екенін жақсы білеміз. Тіпті саяси партиялардың өзі үміткерлер тізімін бекіткен кезде ішкі сұрыптауға қатаң талап қойып жатыр. Себебі, ең алдымен, депутаттар жариялы болуы керек. Олардың ашықтығы өте жоғары болуы тиіс. Белсенділігі, сайлаушылармен кездесуі, көзқарасын білдіруі, Мәжіліс мінберінен азаматтардың мүддесін қорғау мәселесінде саяси сауаттылығы жоғары болуы шарт. Халық қалаушыларының пікірталасқа араласуға ынтасы да жоғары болғаны жөн.

Сонымен қатар мемлекетшілдік қасиетіне де назар аудару қажет. Кез келген депутат сайлаушылардың алдында берген уәдесін, сайлауды бағдарламасын орындауға мүдделі болуы тиіс. Демек, алда парламентаризм институтының дамуында үлкен белес күтіп тұр. Осы белестен абыроймен өту керек. Сегізінші сайланатын Мәжіліс өз үміткерлерін ұсыну арқылы жаңа Үкіметті жасақтауға деген жаңа баған енгізілді. Оның өткен кезектен тыс Президент сайлауында қолданылғанын көрдік. Нәтижесінде үміткерлердің «барлығына қарсымын» деген сайлаушылардың үлесі 5 пайызды құрады. Бұл да азаматтардың сайлаудағы

МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫНЫҢ 10 ЖАҢАЛЫҒЫ



2004 ЖЫЛДАН КЕЙІН АЛҒАШ РЕТ МӘЖІЛІСКЕ ДЕПУТАТТАР БІР МАНДАТТЫ ОКРУГТАР АРҚЫЛЫ САЙЛАНАДЫ (98 ДЕПУТАТТЫҢ 29-Ы);



ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ПАРТИЯЛАР МЕН ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР АТЫНАН ҒАНА ЕМЕС, ӨЗІН-ӨЗІ ҰСЫНУҒА МҮМКІНДІК АШЫЛДЫ;



БҮЛ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУ БОЛҒАНЫМЕН, ОНЫҢ ӨТЕТІН МЕРЗІМІ ЖАРТЫ ЖЫЛ БҰРЫН БЕЛГІЛІ БОЛДЫ;



ПАРТИЯЛАРДЫҢ ПАРЛАМЕНТКЕ ӨТУІ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ТӨМЕНГІ ШЕГІ 7 ПАЙЫЗДАН 5 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕТІЛДІ;



ӘЙЕЛДЕР, ЖАСТАР ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ МҮҚТАДЖЫҒЫ БАР АДАМДАР ҮШІН ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30 ПАЙЫЗДЫҚ КВОТА ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМ МЕН МАНДАТТАРДЫҢ БӨЛІНСІ КЕЗІНДЕ САҚТАЛАДЫ;



МӘЖІЛІСТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КВОТАСЫ БОЛМАЙДЫ;



АЛҒАШ РЕТ МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТТАР САЙЛАУЫНДА «БАРІНЕ ҚАРСЫМЫН» ДЕГЕН ГРАФА ЕНДІ;



САЙЛАУҒА 7 СЯСИ ПАРТИЯ ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫЛЫ, ОНЫҢ ЕКЕУІ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ЖАҢА НОРМАЛАРЫ КҮШІНЕ ЕНГЕННЕН КЕЙІН ТІРКЕЛДІ;



ОБЛЫСТАРДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ ЕНДІ КӘСБИ ТҮРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕДІ;



САЙЛАУШЫЛАР 5 БЮЛЛЕТЕНЬ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРЕДІ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДАҒЫ БЮЛЛЕТЕНЬ САНЫ ТӨРТЕУ).



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

АМАНАТ ДОДАҒА КІМДЕРДІ ҰСЫНДЫ?

Сайлау алдындағы құрылтайлар шеруін Amanat партиясы аяқтады. Бәсекелес партиялар да, сарапшылар қауымы да, қарапайым адамдар да бұл құрылтайды тағатсыздана күткені рас. Билік партиясының кімдерді үміткерлікке ұсынатыны, сайлаушыларға қандай үде беретіні, сайлау алдындағы науқанды қалай өткізетіні дүйім елді елеңдетті.



Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Құрылтайды іскерлік сипатта өткізуді ойлағанмен, бұрынғы Nur Otan-нан қалған ұраншылдық көңіл күй айқын сезіліп тұрды. Жиынның тізгінін ұстаған тележүргізуші Мақсат Толықбай «ұрандаған құрылтайлардың заманы өтті. Біз қазір сөзбен емес, ісімізбен үлгі болайық» дегенімен ұраншылдықтан арыла алмаған спикерлер де болды.

Экс-мәжілісші Еділ Жаңбыршин: «Ауыл – анамыз, тарихымыз, мәдениетіміз. Ауыл – бәрімізді тербеткен бесіміз! Оның таза ауасы мен самал желі, жусаны мен жуасының иісі, түйесінің боздағаны мен қойының маңырағаны табиғаттың үйлестіріп қойған «оркестрі» іспетті. Осындай керемет, «жердің жұмағы» соңғы жылдары құлазып, тозып барады. Қазір халқымыздың 40 пайызы ауылда тұрады. Алдағы 5 жылда Amanat партиясы ауылдың инфрақұрылымын дамытуға жүйелі жұмыс жүргізеді. Қазақстан мықты болады – ауылдар мықты болса! Әділ мемлекет құрудың алғышартының бірі – ауылды аяғынан тұрғызу. Жүрегімізде де, ойымызда да «Әділдік», «Ауыл» деген қасиетті сөздер тасқа ойылған ою қушап тұрсын!» деп ұрансөзге толы баяндамасын оқыды.

Одан кейін сөз кезегін алған экс-министр Асхат Аймағамбетовті модератор «заманауи саясаткердің көрнекті өкілі» деп таныстырды.

«Елде саяси трансформация болмаса, біз жүйелі сипаттағы мәселелерді шеше алмаймыз. Біз қазір үлкен өзгерістерді көріп отырмыз. Соның бірі – сайлау. Өзгеру, жаңару үшін бізге сенімділік керек. Сенімділікке нақты нәтижемен, нақты іспен ғана жете аламыз. Біз қазір әдемі слайдтардан, сөздер мен баяндамалардан шаршадық, бізге нақты істер ғана керек» деді ол өз тәжірибесінен мысал келтіріп.

Мінбедегілер сөз сөйлеп болған соң, партияның атқарушы хатшысы Ернур Бейсенбаев партиялық тізімге 90 адам кіргенін

хабарлады. Барлық үміткерлер сахнаға шақырылып, партия төрағасы Ерлан Қошановтың баяндамасын түрегеп тұрып тындады. Төраға залдың ерекше атмосферасына, спикерлердің жүрекжарды лебізіне назар аударды.

«Мұның барлығы біздің бір мүдде, бір мақсатқа жұмылған бірлігіміздің белгісі деп білемін. Осы жерде жалындаған жастарымыз көп. Жаңа ғана жас партияласымыз Серік Есматовты тындадық. Өмірдің ауыр сынағына мойымай, бәрімізге мұқалмас жігер мен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен азамат. Жеңімпаздардың рухы дәл осындай болады. Біз алдағы сайлауға осындай рухпен, осындай жігермен бара жатырмыз!» деді ол.

Одан әрі Е.Қошанов бағдарламаның басты басымдықтарына қысқаша тоқталды.

«Біздің басқалардан айырмашылығымыз зор. Біз өз күшімізге сенімдіміз. Amanat-тың 800 мыңнан аса мүшесі бар. Артымызда қалың қол тұр. Amanat бір сайлаудың немесе бір науқанның партиясы емес. Біз 365 күн бойы, 24 сағат үзіліссіз, тынымсыз жұмыс істеп келеміз» дей келе, алдағы сайлауда Amanat-тың көшбасшы партия екенін сөзсіз дәлелдейміз деп аяқтады.

«Amanat» партиясы мәслихаттарға 3821, Мәжіліске 119 үміткер ұсынды. Үміткерлердің құрамы

75 пайызға жаңарыпты. Олардың үштен бірін әйелдер, бестен бірін жастар құрайды. Партиялық тізім бойынша ұсынылған 90 адамның ішінде 68-і – қазақ, 13-і – орыс, 9-ы – өзге ұлт өкілі. Соның ішінде бұрын таратылған Мәжілістің 24 экс-депутаты бар, 6-уы – Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі. Бұрынғылардан Ерлан Саиров, Айдос Сарым, Аманжол Әлтаев, Айгүл Құспан, Константин Авершин, Наталья Деметьева, Артур Платонов, Альберт Рау, Павел Казанцев, Вера Ким, Юлия Кучинская, Екатерина Смышляева болса, жаңалардан экс-министр Асхат Аймағамбетов тұр. Бір мандатты округтер бойынша үміткерлер тізіміне Астана қаласынан Дәулет Тұрлыханов, Ерік Жолжақсынов, Абай облысынан Нұртай Сабилянов, Маңғыстау облысынан Еділ Жаңбыршин кіріпті.

90-ның 62-сі – «жаңа адамдар», олардың ішінде журналист Мақсат Толықбай, боксшы Фируза Шарипова, шахматшы Динара Садуақасова, гимнастшы Әлия Юсупова, шенеуніктерден Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұрынғы орынбасары Александр Данилов, Қаржы министрінің орынбасары Татьяна Савельева, бұрынғы депутат, блогер Мұрат Әбенов, блогер Ғалым Байтұқ белгілі айтқыскер ақын Ринат Зайытов бар.

Елордада алдағы саяси науқанға байланысты өңірлік және республикалық БАҚ өкілдеріне арналған семинар өткізілді. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұйымдастырған іс-шарада сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу ережелері бұзылған жағдайдағы құқықтық жауапкершілік және сайлау бойынша ақпараттық қолдау көрсету реті түсіндірілді. «Қазмедиа» орталығында өткен жиынға елордалық журналистермен қатар еліміздің облыстық және аудандық БАҚ өкілдері де ZOOM конференциясы арқылы қатысып, сұрақтарына жауап алды.

САЙЛАУАЛДЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ ҚАЛАЙ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Райхан
РАХМЕТОВА

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұлов Қазақстандағы сайлау туралы заңдарға енгізілген жаңа өзгерістер туралы айтып берді. 2023 жылғы 19 қаңтардағы ҚР Президентінің Жарлығымен Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың өкілетті мерзімінен бұрын тоқтатылды. Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы «ҚР сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына енгізілген түзетулерге сәйкес жаңа форматта өтетін болады.

– Жаңа қағидалар бойынша Мәжіліс депутаттары біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі арқылы, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Ал облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттары депутаттарының жартысы біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі арқылы, екінші жартысы бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады, – деді А.Смағұлов.

Талдау және ақпарат орталығы директорының орынбасары Гүләйім Мұхамбетжанова БАҚ-тың және онлайн-платформаларды пайдаланушылардың міндеттерін, сондай-ақ сайлау науқаны кезінде ақпараттық кеңістікте жүргізілетін мониторинг жөнінде баяндады.

– 2022 жылғы 5 қарашада Сайлау туралы заңға өзгерістер енгізілді, енді сайлау алдындағы ақысы төленетін үгітті онлайн-платформалар арқылы өткізуге болады. Былтыр 3 мамырда «Ақпараттандыру туралы» ҚР заңына онлайн-платформалардың қызметіне қатысты бірқатар өзгеріс енгізілді. Осы өзгерістерге сәйкес Facebook, Instagram, Telegram, YouTube секілді әлеуметтік желілерді онлайн-платформалар деп санаймыз. Ресми БАҚ-тың әлеуметтік желідегі аккаунттарын онлайн-платформа пайдаланушылары ретінде

де қарастыруға болады. Бұл ретте БАҚ төлем мөлшері, эфир уақыты мен баспа алаңын беру шарттары, ақпарат көлемі туралы ақпаратты жариялауға және ОСК/АСК ұсынуы тиіс. Айта кету керек, онлайн-платформалар пайдаланушылары БАҚ саласындағы уәкілетті органға тіркелмейді, – деді Г.Мұхамбетжанова.

Басталған сайлау науқаны аясында мониторинг 19 республикалық және 30 облыстық телеарнаны, 30 радиоарнаны, 40-қа жуық республикалық және 300-ге жуық аймақтық мерзімдік басылымдарды, қоғамдық-саяси интернет-ресурстарды (130-ға жуық интернет-ресурстарды), сондай-ақ онлайн-платформаларды қамтиды.

Мониторинг жүргізілетін БАҚ-тың негізгі түрлеріне, біріншіден, электрондық ақпарат құралдары, яғни теледидар және радио жатады. Мониторинг бірлігі – эфирдегі жаңалықтар блогындағы сюжеттер, видео, аудиороликтер, кандидаттар аталған бейнематериалдар. Әр кандидат көрсетілген бейне және аудиоматериалдардың саны, ұзақтығы қаралады, оның ішінде үгіт материалдары қаралып-тыңдалады. Үгіт материалдарында қаржыландыру туралы ақпарат болуы керек. Ақпараттық қамтамасыз ету бойынша мұндай материалдарды эфирге шығару қаржы талап етпейді.

Екіншісі – мерзімді басылымдарды мониторинг бірлігі – басылымдағы жарияланым. Үгіт материалдарын қоса алғанда, кандидаттар туралы баспа басылымында жарияланған барлық материалдар жалпы ауданын анықтау үшін өлшенеді. Материалдарында қаржыландыру туралы ақпараттың бар-жоғы тексеріледі. Барлық үміткерлер үшін бірдей қолжетімділікті анықтау үшін баспа таралымының саны да ескеріледі. Үшіншісі – интернет-ресурстарды мониторингтеу. Интернет-ресурстар материалдарына мақалалар, бейнероликтер, жарнамалық баннерлер жатады.

– Өткен жылдардағы сайлау

науқандарының тәжірибесіне сәйкес, сайлау заңнамасын жиі бұзатындар өңірлік БАҚ екенін атап өткім келеді. Көбіне кандидаттар туралы ақпарат бірдей көлемде аталмайды. Бір газетте бір ғана кандидат туралы толық жазатын сәттер жиі кездеседі. Қалғандары фондық режимде қалады. Насихаттау мерзімі аяқталуға жақындаған кезде, жарияланымдар көлемін теңдестіру қажет.

Онлайн-платформа пайдаланушысының парақшасында (YouTube, Facebook, Instagram, Telegram, TikTok) таратылатын материалдар – мақалалар, бейнероликтер, жарнамалық баннерлер қаралады. ОСК/АСК төлемі туралы ақпарат ұсынған онлайн-платформалар пайдаланушылары мониторингке алынады. Жалпы, саяси партиялар/кандидаттар бойынша ақпарат көлемінің теңдігі бөлек есептеледі. Қолданыстағы алгоритмге сәйкес, мониторинг нәтижелері бойынша сайлау заңнамасын бұзу белгілері бар материалдарды Талдау және ақпарат орталығы анықтап, министрлікке тиісті ақпаратты жолдайды. Ал министрлік өз кезегінде оларды Бас прокуратураға жібереді. Бас прокуратура нақты құқықтық баға беріп, құзыреті бойынша шаралар қабылдайды.

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

Бірінші, мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау алдындағы үгіт жүргізуге;

Екінші, келісімшарттың талаптары бір немесе басқа үміткерге артықшылықтар тудырмауы керек;

Үшінші, орналастырылған үгіт материалдарында қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.

Төртінші, БАҚ онлайн-платформаларына сайлау байланысты қоғамдық пікірге сауал салу нәтижелерін жариялаған кезде сауал жүргізген заңды тұлғаны, сауал жүргізуге тапсырыс берген және оның ақысын төлеген тұлғаларды, сауал жүргізілген уақытта, ақпарат жинау әдісін, сұрақтың нақты тұжырымын, сауал салынғандардың саны мен сауал салу нәтижелерінің кәдімкі коэффициентін көрсетуге міндетті.

Бесінші, БАҚ және онлайн платформаларды пайдаланушыларға кандидаттарды/саяси партияларды тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, яғни биыл 18 ақпанда сағат 18:00-ге дейін, сайлау күні және соның қарсаңында 18 және 19 наурызда үгіт материалдарын орналастыруға тыйым салынады.

Алтыншы, бір партияға немесе кандидатқа келісім беріп тұрып, басқаларына келісім бермеуге тыйым салынады.

Бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау жөніндегі қызметінің басшысы Азамат Серікұлы жоғарыдағы талаптар сақталмаған жағдайда БАҚ қандай жауапкершілікке тартылатынын баяндады.


19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023



Партиялық тізімде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың саны жөніндегі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс



>30%



Саяси партиялар адамдарды партиялық тізімге орналастыру тәртібін дербес айқындайды

№16 (4449) 09/02/2023 Бейсенбі

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

2019 жылдың қазан айында «Сарыарқа» газ құбырының елордаға дейінгі алғашқы кезеңі аяқталған болатын. Сол кезде Қазақстанның астанасы 2023 жылға дейін толығымен газға көшеді деп жоспарланған. Міне, межелі 2023 жылға да келіп жеттік. Елорданы газдандыру жұмысы бүгін-ертең бітетін түрі жоқ. Көгілдір отын жеткізу жұмысы әлі жалғасып жатқанмен, кедергі көп пе, бағасы қымбат па, жоқ әлде басқа себептер тұсау болып тұр ма, кім білсін, әйтеуір газдандыру жұмысының аяқ алысы өте жылдам. Көгілдір отын іргесіне келсе де, қала тұрғындары көк түтінге көзі ашып, күйе-күйе болып әлі көмір жағып отыр.

31 қаңтарда Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бұл мәселеге арнайы тоқталып, қаланы газдандыру жұмысының жылдамдығын сынға алды.

«2019 жылы «Сарыарқа» магистралды газ құбырының бірінші кезеңі аяқталды. Әкімдіктің міндеті – 300 мыңнан астам адам тұратын тұрғын үй алаптарына газ жеткізу. Қазіргі таңда небәрі 8 мыңға жуық абонент газға қосылған. Газбен қамту қарқынының баяу болуы салдарынан экология бүлінеді. Аязды күндері пешпен жылытатын үйлердің түтіні қаланы басып қалады. Елорданы газбен қамту ісін аяқтау жөнінде бұған дейін бірнеше рет тапсырма бердім. Бірақ оның орындалу мерзімі үнемі кейінге шегеріледі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Демек, Президенттің айтуынша да, бас қаланы газдандыру жұмысы тым жылдам жүріп жатыр. Бас қаланы басқарып, басында отырғандар 2023 жылға дейін қаланы түгел газдан дырып болмақ түгілі, «2021 жылдың соңына дейін 15 мың үйге газ тартылады» деген өз жоспарын да орындай алған жоқ. 4 жылдан астам уақытта небәрі 8 мың отбасы ғана газға қосылса, жалпы жоспарды қалай орындайды? Оның үстіне, газ құбырлары тұрғын алаптарға жеткізілгенмен, көп отбасы көгілдір отынның игілігін әлі көре алмай отыр. Себебі үйлерді газға қосу ақысы өте қымбат. Елордада ғана емес, республика бойынша газға қосылудың орташа бағасы 700-800 мың теңгені құрайды. «Арық атқа қамшы ауыр» дегендей, онсыз да қымбатшылық құшағында күн көріп жатқан елорда тұрғындарының кез келгенінің бұл соманы қалтасы көтере бермейді. Сосын да әкімдіктің араласуымен бұл баға төмендеп,



АСТАНА ЖАППАЙ ГАЗҒА ҚОСЫЛСА, АУАДАҒЫ ӘРТҮРЛІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИАНДЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ МӨЛШЕРІ АЗАЯДЫ. ГАЗ БЕН КӨМІР ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ 10 ЕСЕГЕ ДЕЙІН ЖЕТЕДІ. ЯҒНИ ГАЗ ТАРТЫЛҒАН СОҢ, ҚАЛАҒА ЗИАНДЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТАРАЛУЫ 10 ЕСЕГЕ АЗАЯДЫ

газдандыру жұмысын жеделдетумен қатар, қала төңірегіндегі елді мекендерді газдандыру жұмысын тездетудің маңызы зор. Өйткені қаладағы үйлер толық газға қосылғанмен, төңірегімізді көк түтін қоршап тұрса, бәрібір ыс-түттен көз ашпаймыз. Қазір дамыған елдер де астанасының ауа сапасын жақсарту үшін қала айналасындағы 100 шақырым аумақтың экологиялық ортасын реттеуге күш салуда. Бұл үдерістен бізде кейін қалмауымыз керек. Астананың халқы жыл сайын көбейіп, қала аумағы ұлғайып бара жатқанын ескерсек, болашақта ел астанасы бұдан 2-3 есе үлкейетіні – табиғи заңдылық. Дейтұрғанмен қала көлемінің жылдам ұлғаюы оның сумен, жылумен қамтамасыз ету ісіне де үлкен салмақ. Қазірдің өзінде бұл мәселелер төбе көрсете бастады. Оның үстіне, газбен жылытқан су көмірмен жылытқан суға қарағанда тез суиды. Демек, Астана сынды қысы суық қалаларда газдың да кемшілігі бар. Алайда Астана жаппай газға қосылса, ауадағы әртүрлі экологиялық зиянды қалдықтардың мөлшері азаяды. Газ бен көмір қалдықтарының арасындағы айырмашылық 10 есеге дейін жетеді. Яғни газ тартылған соң, қалаға зиянды қалдықтардың таралуы 10 есеге азаяды. Ал қазір көк түтінмен қамтамасыз етуге 3-ЖЭО-ның бірінші кезеңінің іске қосылуын қамтамасыз етуге және екі газ қазандығының құрылысын аяқтауға тапсырма берді.

Бірақ ол да түбі жоқ тұңғыш, бітпейтін іске айналып барады. Бұл тақырыпқа да тоқталған Президент «Астана әкімдігі 3-ЖЭО-ны пайдалануға бере алмай келе жатқанына 10 жылдан асты. Жобаны аяқтау мерзімі бірнеше рет шегерілді. Бұл оның 53 миллиард теңгеге қымбаттауына себеп болды. Аталған мәселе 2019 жылы көтерілді. Бірақ нысанның әзірлік деңгейі бұрынғыдай 83 пайызды құрап отыр. Нәтижесінде қазір елорда 300 гигакалориядан астам жылу энергиясы тапшылығынан зардап шегіп отыр» деп бас қаланың бұрынғы басшыларының жұмысына көңілі толмайтынын ашық айтып, Үкіметке әкімдікпен бірлесіп, жыл соңына дейін 3-ЖЭО-ның бірінші кезеңінің іске қосылуын қамтамасыз етуге және екі газ қазандығының құрылысын аяқтауға тапсырма берді.

Әрине, Астананы көк түтінмен «көмкеріп» тұрған тек жылыту қазандықтары емес, бас қалада көмір жағатын жер үйлер де аз емес. Оның үстіне, елорда төңірегіндегі Қосшы, Қоянды, Жібек жолы, Қызылсуат, Қараөткел сияқты көмірмен күн көретін ауылдардың да көк түтіні қаланың ауа сапасына әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан қаланы

КӨК ТҮТІННЕН ҚАШАН КӨЗ АШАМЫЗ?

НЕМЕСЕ ЕЛОРДАДАҒЫ ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫНЫ НЕГЕ БӘСЕҢ?

Астананың іргесіне газ келгенде, «қыс мезгілінде қаланы торлаған көк түтіннен құтылатын болдық, бас қала тұрғындарының барлығы газға қосылса, қала экологиясы жақсарады» деп бәріміз қуанған едік. Содан бері 2-3 жыл уақыт өтті. Бірақ біз көк түтін мен көмірдің жүрек айнытатын қошқыл иісінен әлі құтылғанымыз жоқ.

200 мың теңгеден 150 мыңға дейін түссе де, соның өзіне көп отбасының күйі келмей отыр. Астанадағы банктер көгілдір отынға қосылу үшін 1,5 жылға дейін 750 мың теңге көлемінде пайызсыз несие де қарастырды. Бірақ сонда да көп отбасы іргесінде тұрған газ құбырын өз үйіне енгізе алған жоқ. Бұл жағдайдан Мемлекет басшысы да хабардар екен, Астананы дамыту туралы алқалы жиында газ желісіне қосылу шығыны азаматтарымыз үшін қымбатқа түсіп жатқанын айта келіп, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне «Үкіметпен бірлесіп, халық үшін газға қосылудың тиімді әрі ашық бағасын бекіту жөнінде нақты ұсыныстар енгізуді» тапсырды.

Анығын айтқанда, әкімдік бұдан бұрын газ құбырын елді мекендерге, тұрғын үй алаптарына жеткізуге көбірек күш салды да, жеке тұрғын үйлердің газ жалғау жұмысына аса мән берген жоқ. Мәселен, әкімдіктің газдандыру жұмысына жауапты мекеменің басшысы осыдан екі жыл бұрын «Қазіргі таңда

АСТАНАДАҒЫ БАНКТЕР КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОСЫЛУҒА 1,5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 750 МЫҢ ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ПАЙЫЗСЫЗ НЕСИЕ ДЕ ҚАРАСТЫРДЫ. БІРАҚ СОНДА ДА КӨП ОТБАСЫ ІРГЕСІНДЕ ТҮРҒАН ГАЗ ҚҰБЫРЫН ӨЗ ҮЙІНЕ ЕНГІЗЕ АЛҒАН ЖОҚ

Көктал-1, Көктал-2, Теміржол тұрғын алаптарында газдандыру жұмысы толығымен аяқталған. Оны үйге кіргізу тұрғындардың өз есебінен, қосу-қоспау да өз қалауы» деп кесіп сөйлегені есімізде қалыпты. Демек, жергілікті билік бұған дейін газдандыру жұмысында міндет орындауды басты орынға қойды да, тұрғындардың газдың игілігін көру ісін елеусіз қалдырды. Тұрғындар газ тартуға күйі келмей отырғанын айтып, құлаққағыс етсе де, оның тиімді жолдары қарастырылған жоқ. Несиеден көз ашпаған халыққа пайызсыз қарыз берудің де қайыры аз болды. Сосын да 4 жылда 300 мың түгілі, 30 мың

отбасы газға қосыла алған жоқ. Екінші тұрғыдан алғанда, газ желілерін тарту ісінде де нақты өнімділіктен гөрі жоғарыға есеп берудің ебін табуға ерекше назар аударылды да, құбыр тартып жатқан компаниялардың жұмыс барысы, жұмыс өнімділігі жіті қадағаланған жоқ. Мүмкін жұмыс беруде де бармақ басты, көз қысты жағдай орын алған шығар?! Егер олай болмаса, 2019 жылы елорданың іргесіне жеткен газ құбырын алақандай қаланы аралатып тартуға 3-4 жыл уақыт кетеді десе кім сенеді?!

Астана қаласындағы жылыту қазандықтарын газға қосамыз дегелі де біраз уақыт болды.

ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗАРТЫЛУДА

Қала көшелерін қардан тазарту жұмысы елордада тәулік бойы жүргізіліп жатыр. Әсіресе коммуналдық сала қызметкерлері күшейтілген режимде еңбек етуде.

**Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Кеше Астана аумағынан 9,4 мың текше метр қар шығарылды. Таңертеңнен бері қар күреу жұмысына 2,1 мың жол жұмысшысы және мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылды.

Қар тазалау жұмысы Алматы ауданында қарқынды жүргізілуде. Бүгінгі таңда бұл іске күн сайын 600-ге жуық адам және 400 техника тартылады.

Аудан аумағындағы қар полигонының шебері Қайрат Жұманов мұнда келген КамАЗ-дар алдымен бағдаршамға тоқтайтынын, жасыл жарық жанғаннан кейін олар арнайы тіркеуден өтетінін

жеткізді. Одан кейін көлік жүргізушісі постта отырған тіркеушіге бақылау қағазын тапсырады. Ол мөр басып, жүргізушінің полигонға кірген уақытын жазады. Оның бәрі журналға түседі. Жүргізуші содан кейін ғана қар қоймасына барып, әкелген қарын төгеді екен.

Алматы ауданы табиғатты қорғау полиция бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Асан Қадыров Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 17 шілдедегі абаттандыру ережесіне сәйкес, жеке және заңды тұлғалар іргелес жатқан аумақты қардан, мұздан, құрылыс қалдықтарынан, қоқыстардан тазалауға міндеттелетінін айтты.

– Абаттандыру ережесі бұзылған жағдайда, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабында көрсетілгендей, жеке тұлғаға 20 айлық есептік көрсеткіштен және заңды тұлғаға 30 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін айыппұл салынады, – деді А.Қадыров.

«Астана тазалық» ЖШС-тің учаске бастығы Мәди Абдраевтың айтуынша, Алматы ауданының аумағындағы қарды тазалау жұмысына 6 автогрейдер, 4 жүк артқыш техника және жүкті өзі түсіретін 20 техника жұмылдырылды. 18 қаңтардан бастап 11851 текше метр аумақтан қар шығарылды.

«Elorda eco system» ШДҚ МКК шебері Фазиз Тойжанов Алматы ауданы бойынша науаларды тазалау жұмысы жүргізіліп жатқанын атап өтті.

– Алматы ауданы бойынша науаның ұзындығы – 8200



шақырым. Бүгінге дейін оның 147 мың шақырымы тазаланды. Бұған 16 жұмыскер, 8 техника жұмылдырылды.

Қаланы қардан тазарту жұмысына «Астана көгалдандыру құрылысы» ЖШС-тің жұмысшылары да атсалысуда. Мекеме бригадирі Алтынғұл Садихан елордада тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы болуы үшін жолдарды аршып, әсіресе адам көп жүретін негізгі көшелерді қардан тазартып жатқанын айтты.

– Ауданымызда 30 сквер, 7 парк, 2 бульвар бар. Біздің бригада қыс бойы солардың аумағындағы қарды шығарып, тазалауда, – деді бригадир.

Жалпы, қыс мезгілінің басынан бері елордадан 3 млн текше метрге жуық қар шығарылды. Қала бойынша көшелер мен жаяу жүргіншілер жүретін жолдарға және адам көп жиналатын орындарға құм-тұз қоспасын себу жұмысы да жалғасып жатыр.



ЖҮРІСІНЕН ЖАҢЫЛҒАН ПОЙЫЗДАР

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

КЕШІГҮ ЖИЛЕП БАРАДЫ

«Жақсы, енді келіп қалдық қой, екі сағат күтейік» деп мүгедек баласын арбасымен күту залына жайғастырған кезде, пойыздың «ауа райының қолайсыздығына байланысты» тағы екі сағатқа кешігетіні хабарланады. Амаж жоқ, сабыр сақтап, тағы күтуге тура келеді. Алайда осы төрт сағаттың ішінде күту залында отырған бұларға бірде-бір вокзал қызметкері келіп хал-жағдайын сұрамайды. «Пойыздың кешігуі екі сағаттан асса, жолаушыларға тегін сусын беріледі дегені қайда?!» деп ол ішінен ойлайды да қояды.

Сонымен, сағат күндізгі 11:15-те аттануы тиіс пойыз Астана вокзалынан 15:40-ға ерең қозғалады. Қиындық мұнымен де бітпейді. «Тальго» келесі күні Ақтөбе қаласына келгенде, жолсеріктер: «Біз бұдан әрі бармаймыз, сіздер келесі пойызға отырарсыздар» деп қарап тұр.

«Ау, шырағым-ау, қасымда мүгедек балам бар. Басқа пойызға ауыстырылатынымды неге Астана қаласында айтпадыңдар?» дейді Исламбек. «Бұл пойыздың Ақтөбеден әрі бармайтынын біз де Астанадан шыққан соң білдік. Сіз қам жеменіз, біз балаңызбен екеуіңізді өзіміз жақсы вагонға орналастырамыз» деп жұбатады олар.

Рас, жолсеріктер келесі пойызға отыруға көмектескенмен, төрт кісіге арналған купе-вагонда сырқат баласы екеуіне Оралға барғанша кәдімгідей ыңғайсыздық туындайды.

«Сонда мен алдын ала жағдайымды ойлап, 40 мың теңгеге екі кісіге билет алып тұрып, келесі бір жолаушылар пойызына отыруыма себеп не? Билетімнің жарты ақшасын болса да қайтарындар» деп арыз-шағым түсіреді. Алайда оған мардымды жауап берген ешкім болмайды.

Өткен жылдың соңынан бері пойыздардың кешігуі жиілеп кетті. Әсіресе, бұл транзитпен бір пойыздан екінші пойызға немесе ұшаққа ауысып отыратын жолаушыларға қиындық туғызады. Осының кесірінен межелеген жеріне жете алмай, билеті жанып кетіп жатқан жолаушылардың әлеуметтік желілердегі арыз-шағым қаншама...

– Пойыздың кешігуінен жоспарланған кездесуімнен қалып қойған жағдай менің басымнан да өтті. Алматы-Петропавл

бағытындағы «Тальго» пойызы Астанаға 6 сағат кешігіп келді. Ал әрі қарай Петропавл-Омбы бағытына алған билетім күйіп кететін болған соң, билетімді жарты бағасына тапсырып, таксимен кетуіме тура келді. Пойыздардың неден кешігіп жатқанын жолаушыларға ешкім түсіндірген жоқ. Жолсеріктердің өзі хабарсыз. Сұрасаң, бәрі «білмейміз» деп иығын көтереді, – дейді Асқар Өтепов.

Ал қоғам белсендісі Еркінбек Жайлаубаевтың айтуынша, бұл мәселені «Жолаушылар тасымалындағылар» жақсы біледі. «Неге кейінгі кезде пойыздар жиі кешігіп, наразылық көбейіп кетті?» деп телефон шалып едім. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-тың ресми өкілі Мәди Мұхамедқали: «Жасырмаймыз, арыз-шағым бар. Бұл жөнінде жолаушылармен түсінік жұмыстары жүргізілуде. Негізінде, бұл келеңсіздіктер ауа райының қолайсыздығына және теміржол бойындағы жөндеу жұмысына байланысты туындап отыр. Таяу мезгілде мұның бәрі қалыпқа келеді. Ал кешіккен жолаушыларға өтемақы төленеді» деп жауап берді» дейді.

ВАГОНДАР ЕСКІ, ОРЫНДАР ЖАЙСЫЗ

Жаңа жылдан бастап пойыз билеттері 7 пайызға қымбаттаған. Бұл – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының ресми мәліметі. Ал «Энергопром» мониторинг агенттігі бытыр қазан айында теміржол билеттерінің бағасы алдыңғы жылмен салыстырғанда 20 пайызға өскенін жазды. Сонда екі жылда пойызбен жол жүру құны 27 пайызға өсіп отыр.

– Ең тиімді көлік – пойыз дейміз, қазір сол пойызбен жол жүру де қиындап барады. Атырау қаласына бұрын «Тальго» пойызымен 12-13 мың теңгеге баратын едім, енді ол 22 мың теңге болып кетті. Оның үстіне іссапарға шыққан жалғыздікті кісілерге болмаса, күпенің іші тар, айналымға келмейді. Тез жүреді

деп билетін қымбаттатқанмен, барар жеріне екі-үш сағат кешігіп барған соң оның қандай пайдасы бар? – дейді Астана қаласының тұрғыны Қымбат Сәдуақасова. Ал жай пойыздың билеті арзандау болғанмен, жағдайы нашар. Вагондары ескі, қыста көп жылытылмайды, көмір аз деген желеумен жолсеріктер қатты қыздырып жақпайды. Қатты аяздарда тіпті кей вагондарда терезеге мұз қатып қалатын кезі болады.

Вагондардың ескіргенін темір жолдың жауапты адамдары да мойындайды. Мәселен, елімізде 101 бағытта 139 жолаушылар пойызы қатынайды екен. Соларда 2530 вагон болса, соның 40 пайызы ескірген. Рас, кейінгі жылдары көнерген вагондардың орнына «Тальго» вагондары алына бастады. Бірақ коммерциялық негізде жұмыс істеген соң, оның тиімсіз, шығыны көп екені анық көріне бастады.

Ал Үкіметтен субсидия берілетін жолаушы вагондарын жаңартуға толық мүмкіндік болмай жатыр. Оның үстіне бұған дейін 700 «Тальго» вагоны сатып алынып қойыпты. Сондықтан 90-жылдары шығарылған жолаушы вагонын «жамап-жасқап» пайдалануға тура келіп тұр.

– Мен бір нәрсені түсінбеймін! Теміржолдың ең тиімді қатынас құралы екенін бәрі біледі. Оған деген халықтың сұранысы жоғары. Ресми статистика бойынша тек бытыр ғана пойызбен елімізде 13 миллионға жуық адам сапарлапты. Бұл деген қыруар қаржы ғой. Неге вагондар жаңартылмайды? Неге пойыздарда қызмет көрсету сапасы төмен? Мен осы сұрақты «Жолаушылар тасымалы» АҚ жауапты қызметкеріне қойдым. Сонда оның берген жауабы: «Рас, қазір бізде 300-ге тарта жолаушылар вагоны жетіспейді. Бірақ бұл олқылықтың орнын толтыру үшін жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Биыл – 61, келесі жылы 257 вагон сатып аламыз» деді. Вагон сатып алу үшін Үкімет 2022 жылы 14 миллиард теңге қаржы бөлген көрінеді.

Сондықтан алдағы уақытта жағдайымыз жақсарары деген үміттембіз, – дейді экономист Асланбек Хамзин.

БИЛЕТ АҚШАСЫН ҚАЙТАРУ ДА ОҢАЙ ЕМЕС

Астана қаласының тұрғыны Ермен Тұрсынов Тараз қаласына баруға билет алған. Жүретін күні вокзалға келгенде, пойыздың алты сағатқа кешігетінін бір-ақ білген. Жоспарлаған іс-шарасына үлгеру үшін ұшақпен ұшқысы келіп: «билетімнің ақшасын қайтарыңыз» деп кассаға келсе, ондағылар «қайтара алмаймыз, ақшаны тек пойыз келгеннен кейін ғана қайтарамыз» деп бет бақтырмапты.

– Сонда қалай, пойыз кешігіп жатса, мен оны билетімнің ақшасын қайтару үшін де тағы алты сағат күтіп отыруым керек пе? – деп наразылық білдіреді Ермен.

Екінші бір жолаушыға билетін электронды түрде алғаны үшін «картаңызға бір аптаның ішінде түседі» деп қайтарып жіберіпті.

«Пойыз 1 сағаттан астам уақыт кешіксе, әр сағат үшін билет құнының 3 пайызы қайтарылады. 3 сағаттан артық уақыт кешіксе, смс-хабарлама жіберіледі. Егер пойыз 6 сағаттан астам уақыт кешіксе, мейрамхана вагонын да тегін тамақ беріледі» деген ресми өкілдің сөзін біз сұраған жолаушылардың бірде-біреуі растамады. Соған қарағанда, бұл да «зақ жүзінде осылай болуы тиіс» деп айтыла салған сөз бе деп қалдық.

Қорыта айтқанда, кейінгі жарты жылдан бері пойыздардың жүйелі түрде кешігуі жолаушылардың ығырын шығарып болды. Діттеген жеріне жете алмай, соның кесірінен алдыңғы жолаушылар жоспарлары бұзылып жатса, кім-кімде де реніш туары сөзсіз. Міне, осы жайды «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы басшылығы біліп қана қоймай, таяу уақытта істі реттейтін шұғыл шешімдер қабылдаса дейміз.

МЕКТЕПТЕ ҚАНДАЙ МАМАН ҚАТ?

Білім беру, оқыту – жауапсыздық пен қателікті көтермейтін нәзік жүйе. Ол – адам тағдыры. Оқыту, білім беру – үнемі мұғалімнің ізденісін, шығармашылық шыңдалуын талап ететін күрделі үрдіс. Бұл дегеніміз білім беруді, тәрбиелеу үрдісінің өзгеруін талап етеді. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі міндеттерінің бірі – орта білім беру сапасын арттыру. Педагогикадағы жаңашыл бағытты қолдайтын жас мамандар қажет екендігі түсінікті.

ГҮЛШАТ САПАРҚЫЗЫ

– Біздің мақсат – ұлттық құндылықтармен қаныққан, жауапты, еңбекқор, белсенді, отаншыл және өзіндік азаматтық ұстанымға ие ұрпақты тәрбиелеу» деп өз баяндамасында Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Әлия Чокушева.

«XXI ғасыр – жылдам өзгерістер ғасыры. Жаңару, өзгеруді күнделікті өмірден көріп жүрсіздер» деген еді ҚР Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаев өз сөзінде. Адам тәрбиесі, тұлғаны қалыптастыру ісі де бір орнында тұрмайды, үнемі ізденіс, жетілдіру үстінде. Барлық педагогтар болашақ ғасырдың тұлғасын қалыптастыруда оған қажетті дағдыларды қалыптастыруға қызмет ету – кез

Мектепке қажет мамандар жұмысқа шақыру үшін Білім басқармасы қандай іс-шаралар қабылдайды?

Педагогтарды жұмысқа қабылдау бойынша:

- педагогикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы арқылы (Астана қаласы әкімінің гранты (2022 жылы – 1050);
- ішкі және сыртқы көші-қон есебінен;
- бос орындар жәрмеңкесіне қатысу есебінен;
- 2000-ға жуық техникалық және кәсіптік білім беру түлектері арқылы мектептер әру мамандар мәселесін шешіледі.

ҚАНДАЙ ТАЛАП ҚОЙЫЛАДЫ?

Осылайша, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық



келген мұғалімнің, ұстаздың басты міндеті, мақсаты болуы керек.

ЕЛОРДАДА ҚАНДАЙ МАМАН ЖЕТІСПЕЙДІ?

«Жалпы қала мектептерінде қандай мамандар тапшы, қандай мамандарға сұраныс жоғары?» деген сауалдарымызға Астана қаласы Білім басқармасы былай жауап берді:

Ұлттық білім беру дерекқорының соңғы мәліметтері бойынша педагогтардың қажеттілігі 40 педагогты құрайды. Оның ішінде қала мектептерінде ағылшын тілінен сабақ беретін педагог – 1, информатикадан – 6, тарих пәнінен – 2, қазақ тілі бойынша – 1, математикадан дәріс беретін – 10 мұғалім, бастауыш сыныпқа сабақ беретін (орыс тілінде) – 6 педагог, орыс тілінен – 2 маман, физикадан – 4, химия пәнінен – 2 мұғалім, көркем еңбектен – 3 мұғалімге әру. Сондай-ақ орыс тіліндегі бастауыш сынып, математика мамандары да тапшы.

жобалар форматына көшу жүзеге асырылуда. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында жедел шешімдерді талап ететін және халықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламамен сабақтастық сақталған.

Қазіргі уақытта оқушы бойынша маңызды жоғалтып бара жатқан жалпыадамзаттық құндылықтарды іс-әрекет яғни өзіміз үлгі болу арқылы, сіңіре отырып, сабағымызды мазмұнды ету арқылы, өмірлеріне оған қажетті дағдыларды қалыптастыру мұғалімнің басты мақсаты болуы керек. Біздің мақсат – ұлттық құндылықтармен қаныққан, жауапты, еңбекқор, белсенді, отаншыл және өзіндік азаматтық ұстанымға ие ұрпақты тәрбиелеу. Барлық педагогтар болашақ ғасырдың тұлғасын қалыптастыруда оған қажетті дағдыларды қалыптастыруға қызмет ету – кез келген мұғалімнің, ұстаздың басты міндеті, мақсаты болуы керек.

ТҮРКИЯДАҒЫ ЗІЛЗАЛА САБАҒЫ ҚАНДАЙ?

6 ақпанда Түркияда магнитудасы 7,8 және 7,6 балдық екі бірдей күшті жер сілкінісі болып, Түркия елі 100 жылдан бергі ең ауыр табиғи апатқа ұшырады. Еуропа-Жерорта теңізі сейсмологиялық орталығының (EMSC) мәліметінше, жер сілкінісі жергілікті уақыт 01:17-де (Астана уақыты бойынша сағат таңғы 7:17) тіркелген. Жер сілкінісінің ошағы – Түркияның Газиантеп қаласынан 27 шақырым жерде, 10 шақырым (кейбір деректерде 7 шақырым делінеді) тереңдікте болған. Алғашқы жер сілкінісінен кейін 680-нен аса жерасты дүмпуі тіркелген, олардың алтауының магнитудасы 6 балдан асты. Президент Режеп Тайып Ердоған бұл зілзаланы Түркия тарихында 1939 жылдан бері болмаған күшті апат деп атады, сондай-ақ елде 12 ақпанға дейін жеті күндік ұлттық аза тұту жариялады.



Қалиакбар УСЕМХАНҰЛЫ

Аса күшті жер сілкінісінен кейін Түркия өз орнынан шамамен 3 метрге дейін жылжып кетті. Бұл туралы Италия вулканология және геофизика ұлттық институтының президенті Карло Дольони мәлімдеді. Сілкініс кезінде ұзындығы 190 км және ені 25 км болатын аумақтың жері жарылды. Жерасты дүмпулері жарты сағат ішінде әртүрлі аймақтарда, соның ішінде Түркияның астанасы Анкарада, Адана, Невшехир, Газиантеп, Кайсери, Мерсин, Хатай өңірлерінде сезілді. Al Arabia телеарнасының хабарлауынша, жер сілкінісін Ирак пен Ливанның кейбір аймақтарының тұрғындары да сезген. Сонымен қатар Израильде де жерасты дүмпулері байқалған. Оның үстіне жер қайта-қайта сілкініп тұр. 7 ақпан күні магнитудасы 5,4 болатын жер сілкінісі тіркелсе, кеше жергілікті уақыт 3:20 шамасында тағы 4 балдық жер сілкінісі.

Сілкіністен Түркияның кемінде 20-ға жуық ірі қаласы зардап шекті. Сирияда да Алеппо, Латакия қалаларымен қоса, оның маңындағы бірқатар аудан қираған. Қазіргі уақытта екі елде де (Түркия мен Сирия) іздестіру-құтқару іс-шаралары жүріп жатыр. Үйінді астында қалған, жарақат алған, қайтыс болғандар саны сағат санап артауда. Қираған ғимараттар астында қанша адам қалғаны әлі белгісіз.

8 ақпан күнгі мәлімет бойынша, Түркияда 9557 азамат қаза тауып, 40 мыңнан астам адам зардап шеккен, 11300 ғимарат қираған, 10 мыңнан аса адам үйінді астынан шығарылған. Ал Сирияда зілзадан құрбан болғандар саны 1900-ден асты. Жарақат алғандар бірнеше мыңға жеткен. Дегенмен Сирияда құрбандар саны әлдеқайда көп болуы мүмкін. Өйткені 12 жылға созылған қақтығыстан әлі есін жинап үлгермеген араб еліндегі жағдай зілзалаға дейін де өте ауыр еді. Үкімет елдің бүкіл аумағын бақылап отырған жоқ.

Қазір әлем елдері мен халықаралық ұйымдар қолдан келгенше Түркия мен Сирияға көмек көрсетіп жатыр. Халықаралық қызыл крест қос мемлекетке жәрдемдесуге 75 миллион доллар

сұрап отыр. Біреулер ақшалай жинаса, басқалары керек-жарақ пен мамандарын жөнелтуге кіріскен. Түркия тарапының мәліметінше, табиғи апаттың зардаптарын жоюға түрік және шетелдік 30 мыңнан астам құтқарушы жұмылдырылды. Олардың саны сағат санап артып келеді. Соңғы екі күнде іздестіру-құтқару жұмыстарына ерікті ретінде қатысуға 120 мыңнан астам адам өтініш берген. Бірақ сонда да құтқарушылар жетіспей жатыр. Кейбір алыс аймақтарда қиранды астында жатқан адам әлі көп. Егер оларға жедел көмек көрсетілмесе, суық өтіп, аштан өлуі мүмкін.

Түркияның табиғат апатынан зардап шеккен 11 провинциясында білім беру мекемелері уақытша жабылды. Шенеуліктер зілзадан аман қалған мектеп, жатақханалар мен спорт нысандарының тізімін жасады. Баспанасынан айырылғандар уақытша сол жерлерге жайғастырылады. Газиантеп пен Кахраманмараштағы әуежайлар жолаушылар үшін қызмет жасамайтын болды. Мұнда тек гуманитарлық жүк тиелген ұшақтар ғана қонады. Хатай әуежайы да апаттан зардап шекті. Сондықтан әуе айлағынан ұшақтар ұшып жатқан жоқ. Ал Искендерун кемежайында жер сілкінісінен кейін өрт шыққан.

БҰҰ Түркия мен Сирияға жер сілкінісінен жапа шеккендерге 25 млн доллар көлемінде гуманитарлық көмек жібермек. Президент Режеп Тайып Ердоғанның мәлімдеуінше, зілзала зардабымен күреске көмектесуге 80-ге жуық ел ниет білдірген. Арасында НАТО мен Еуроодақ мүшелері, Ресей мен Украина да бар. Әлемнің бірнеше елі, соның ішінде Ресей, Германия, Франция және Иран Сирияға көмектесуге ықылас танытқан. НАТО мен Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің өрт сөндірушілерінен, полиция қызметкерлері мен әскерілерінен құралған 10 құтқару командасы Түркияға әлдеқашан жетіп, құтқару жұмысына кірісіп кетті. Зілзадан зардап шеккендерге жедел жәрдем көрсету үшін қарт құрлықтың дәрігерлері мен медициналық құрал-жабдықтар да жеткізілмек. Сондай-ақ Еуропалық комиссия Анадолы еліне өзінің «Сорегнисус» деп аталатын спутниктік желісін ұсынды. Желі төтенше аймақтардың картасын жасауға таптырмас көмек. Дәл



Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Үкіметі Түркияға құтқарушыларды аттандырды. Олар кеше Түркияның Газиантеп қаласына жетіп, құтқару жұмыстарын бастап кетті. Қазақстандық топ құрамында республикалық жедел көмек жасағының 33 қызметкері мен апат медицинасы орталығының 5 маманы және Төтенше жағдайлар вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев бастаған ведомствоның үш өкілін қамтыған 41 адам бар. Тағы 1 «КамАЗ» бен 2 арнайы құтқару көлігі және медициналық препараттар жеткізілді. 8 ақпан күні қазақстандық құтқарушылардың екінші тобы да Түркияға жетті. Оның құрамында 60 адам бар. Сонымен Түркияға барған қазақстандық құтқарушылардың жалпы саны 101 адамды құрады

осындай қолдауды Еуроодақ Сирия үкіметіне де ұсынып отыр.

АҚШ Президенті Джо Байден Түркия мен Сирияда қаза тапқандарға көңіл айтып, мыңдаған адамның өмірін қиған жойқын жер сілкінісі жайлы хабарды зор күйзеліспен қабылдағанын мәлімдеді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та Режеп Тайып Ердоғанға көңіл айтып, «Түркия Республикасында болған аса күшті жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды зор күйзеліспен қабылдадым. Осындай

қиын сәтте жақындарынан айырылған отбасыларға, сондай-ақ бүкіл түрік ағайындарымыздың ауыр қайғыларына ортақтасып, Қазақстан халқының және жеке өзімнің атымнан көңіл айтамын» деп жедел хат жолдады. Сондай-ақ Үкіметке жойқын жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен Түркия Республикасына шұғыл көмек ретінде 1 миллион доллар белуді тапсырды. Лле-шала Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Үкіметі Түркияға құтқарушыларды аттандырды. Олар кеше Түркияның Газиантеп қаласына жетіп, құтқару жұмыстарын бастап кетті. Қазақстандық топ құрамында республикалық жедел көмек жасағының 33 қызметкері мен апат медицинасы орталығының 5 маманы және Төтенше жағдайлар вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев бастаған ведомствоның үш өкілін қамтыған 41 адам бар. Тағы 1 «КамАЗ» бен 2 арнайы құтқару көлігі және медициналық препараттар жеткізілді. 8 ақпан күні қазақстандық құтқарушылардың екінші тобы да Түркияға жетті. Оның құрамында 60 адам бар. Сонымен Түркияға барған қазақстандық құтқарушылардың жалпы саны 101 адамды құрады.

Жалпы Жерорта теңізі аумағында жер жиі сілкінеді. Жасыл шардағы барлық жер сілкінісінің 5-6 пайызы осы аумақта болады. Демек, Түркия сейсмикалық белсенділігі жоғары аймақта орналасқан. Ғалымдар сілкініс қуатын 130 атом бомбасының қуатымен салыстырған бұл жойқын сілкініс 1999, 1939 жылдардағы сілкіністі еске салды. Түркияда 17 мың адамның өмірін жалмаған, 600 мың адамды баспанасыз қалдырған ғаламат зілзала 1999 жылғы 17 тамызда болса, 1939 жылғы Ерзинжан (Erzincan) зілзаласында 32 968 адам опат болды, 100 мыңдай адам жараланды.

Бұл реткі жойқын сілкініс әлемдік саяси жағдай үшін де үлкен сынақ болды. Сарапшылар табиғат апатынан кейін Сириядан көрші Түркияға және Еуропа елдеріне ағылған босқындар нөпірі артуы мүмкін деген болжам жасауда. Ең маңыздысы, осы реткі апаттан кейін қарым-қатынасы жақсы емес елдер де Түркия, Сирия елдеріне көмек көрсетуге ниет танытты. Мәселен, Израиль, Армения, Грекия сияқты елдердің басына іс түскенде Түрік еліне жәрдем қолын созуы болашақта арадағы салқындықты сейілтуге септігін тигізуі мүмкін.

Түркиядағы зілзала әлем елдеріне үлкен ескерту жасады. Әсіресе, сілкініс көп болатын елдер бұл апаттан үлкен сабақ алуы тиіс. Әрине, Қазақстанда да жер жиі сілкінетін аумақтар аз емес. Атап айтқанда, Алматы, Шымкент, Тараз қалалары сілкініс белдеуінде тұр. Таулы аймақта орналасқан Алматы – еліміздегі сейсмикалық ең қауіпті қала. Аталған қалада алғаш рет 1887 жылы 9 маусымда магнитудасы 7,3 балл болатын жойқын жер сілкінісі тіркелген. Эпицентрдегі максималды күші 9,10 балды құраған. Кіндік тереңдігі – 20 шақырым. Ол жылдары шаһарда шамамен 30 мыңға жуық адам тұрған. Зілзадан 332 адам көз жұмды. Алматы тарихындағы екінші жойқын жер сілкінісі 1910 жылы 22 желтоқсанда тіркелді. Магнитудасы 8,2 балды құраған 9 балдық жер сілкінісінен 44 адам қаза тапқан. Ал қираған үйлерде есеп жоқ. Соңғы жылдары қала аумағы неше есе өсіп, ғимараттардың төзімділігін анықтау мүмкін болмай кеткен. Оның үстіне 1983 жылы жасалған шаһардың соңғы сейсмикалық картасы қазіргі заман талаптарына сай келмейді дейді мамандар. Түркиядағы жағдай осы қауіпті де еске салады.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ФРАНЦИЯДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚ

Франция астанасында зейнет жасын ұлғайтуға қарсы тағы наразылық шарасы өтті. Париж көшелеріне 60 мыңнан аса адам шықты. Бұл – Францияда осымен үшінші мәрте ұйымдастырылып отырған жаппай ереуіл.



Шерушілер үкіметтің зейнет жасын 62-ден 64-ке дейін ұзарту туралы жоспарына наразы. Шерулер елдің өзге де ірі қалаларында өтті. Жергілікті Ішкі істер министрлігінің хабарлауынша, жалпы ел аумағында наразылық акциясына 750 мыңнан аса адам қатысқан. Кәсіподақтар ақпанның 14-і күні тағы жаппай ереуіл өткізетінін ескертіп отыр.

РЕСЕЙ АУҚЫМДЫ ШАБУЫЛҒА ДАЙЫНДАЛУДА

Ресей әскері Украинаның Луганск облысына әскери техникасы мен резерв тартып, 15 ақпаннан кейін шабуылға шығуға дайындалып жатыр.



Украинаның Луганск және Донецк облыстарында Ресей әскери техникалары жылжығаны байқалған, Луганск облысында Ресей әскері резервтерін тартып, снарядтарын үнемдей бастаған. Financial Times басылымының жазуына қарағанда, Луганск облысының батысындағы Кременная және Лиман қалаларына шабуыл басталуы мүмкін. Бұл қалаларды Ресей әскері бұрын да басып алған, бірақ Украина әскері қарсы шабуыл жасап, қайтарған. 5 ақпанда Украина президенті Владимир Зеленский Ресей әскері ақпанда «бұрынғы жеңілістерінің есесін қайтаруға тырысатынын» айтқан. Сол күні Украина қорғаныс министрі Алексей Резников Ресей әскері 24 ақпанда жаңа шабуыл бастауы мүмкін деп мәлімдеген.

ҚЫТАЙ МЕН АҚШ ҚАТЫНАСЫ ҚАЙТА УШЫҚТЫ

АҚШ өткен аптада өз әуе кеңістігіне кірген Қытайдың күмәнді аэростатын атып түсірген еді. Ақпаратқа қарағанда, әуе шары Оңтүстік Каролина штаты жағалауында атып түсірілген.



Сенбі күні оның бөлшектерін жинау операциясы басталған. Сейсенбі күні АҚШ тарапы шарды сүзіп алып шыққанын хабарлады.

АҚШ билігі Қытай шарды барлау мақсатында жіберді деп біледі. Соның салдарынан АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкеннің 5 ақпанға белгіленген Пекинге сапары шегерілді. АҚШ әскерінің хабарлауынша, кейінгі жылдары АҚШ-тың төбесінен бірнеше тыңшы-шар ұшып өткен. Бірақ бұл жолғысы алдыңғыларына қарағанда ұзақ кідірген.

ДҮЙСЕНБІ

13 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «ТАՆШОЛПАН».
10:00 AQRARAT
10:10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.



05:00 "ҚЫЗЫҚ TIMES"
06:00 "ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК"
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ!"



06:00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «Ең алғашқысы» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09.20 «Ф.И.Л.И.»



06:00 Әзіл студия
07:00 Ризамын
08:00 What's up?
08:30 T/сериял «Тайная любовь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/п «Тек қана қыздар»
07:20 Скетчком «Q-елі»
08:00 Т/п «Мезгілісі сезім»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

14 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАՆШОЛПАН».



05:00 "ҚЫЗЫҚ TIMES"
06:00 "ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК"
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ!"



06.00 «Әйел тағдыры 3» телехикая
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Жылама, ана» телехикая



6:00 «Ең алғашқысы» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09.25 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 T/сериял «Тайная любовь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/п «12 күн»
07:20 Т/п «Көршілер»
08:00 Т/п «Мезгілісі сезім»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СӘРСЕНБІ

15 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАՆШОЛПАН».



05:00 "ҚЫЗЫҚ TIMES"
06:00 "ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК"
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ!"



06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «Ең алғашқысы» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09.25 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 T/сериял «Тайная любовь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/п «12 күн»
07:20 Т/п «Көршілер»
08:00 Т/п «Мезгілісі сезім»

21:00 Т/п «Сәке»
21:35 Т/п «Қызыл алма»
22:30 Т/п «Жалдамалы әйелдер»
23:20 Т/п «12 күн»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

16 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАՆШОЛПАН».



05:00 "Қызық times"
06:00 "Жұлдызды жекпе-жек"
07:00 Тикелей эфирде "Ояни!"



06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ



Сурет авторы: Ибрагимжан Иманов

МЕЙІРІМ ШАШҚАН ДӘРІХАНА

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында Целиноград қаласында фармацевтика саласы жақсы жолға қойылғанын байқаймыз.

Байырғы қала тұрғыны Инга Ахмерованың айтуынша, әсіресе, Комсомольская көшесі, 23 үйде орналасқан №7 дәріханаға адамдар жиі келетін болған.



«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС күн сайын кепіл мүлкін соттан тыс саудуы жүзеге асырады.

«АСТАНА ДАРЫНЫ» ТАЛАНТТАРДЫ АНЫҚТАЙДЫ

«Астана қаласының коммуникациялар қызметі» алаңында «Астана қаласындағы дарынды балалар мен дарынды жастарды қолдау» тақырыбында Астана қаласы әкімдігі «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы директорының міндетін атқарушы Жанар Бейсенбаева брифинг өткізді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

лық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері тартылады.

ТҮЛЕКТЕРГЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРІЛЕДІ

Дарынды оқушылар – ел болашағы, келешегіміздің үміті. Білім бәсекесінде биіктен көріну, мақсатқа қол жеткізу – озат оқушының арманы, ұстаздың жетістігі. Жас дарынды үздіксіз дамыту – үздіксіз еңбекті қажет етеді, оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, оны үнемі дамыту қажет. Баланың зияткерлік қабілеттерін анықтау және қолдау, ойы мен дербестігін қалыптастыратын шығармашылық тұлғаның дамуына негіз болатын әртүрлі интеллектуалды іс-шараларды жүзеге асыру – жаңашыл қоғамда өте маңызды.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Орталық дарынды балалармен жұмысында қазіргі уақытта талантты әлі ашыла қоймаған, бірақ өзінің ерекше дарынымен танылған балалардың шығармашылығын дамытуға жағдай жасайды.

Жоғары сынып оқушылары үшін республикалық деңгейдегі президенттік және лингвистикалық олимпиадалар, жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық ғылыми жобалар байқауы, қалалық және республикалық «Абай оқулары», «Ақселеу оқулары», «Қадыр оқулары», «Мағжан оқулары», «Абай әлемі», «Менің кіші Отаным», «Моя инициатива – моей Родине», халықаралық STEM олимпиадасы, робототехника бойынша «Robotek Grand Tournament» қалалық турнир және т.б. конкурстар өткізіліп отырады. Балаларды әртүрлі зияткерлік іс-шараларға кеңінен қамту үшін, Орталық әрбір бала өзін-өзі жүзеге асыра алатын мүмкіндіктерін аша алатын жаңа жобаларды ұсынады. Қатысуға ешқандай шектеулер жоқ, іс-шаралар тегін. Өткен жылы елорданың олимпиадалық құрамасы жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадада рекордтық медаль жеңіп алды, елорда командасының қоржынында 93 медаль: 24 алтын, 29 күміс және 40 қола медаль бар. Астана құрамасы жыл сайын «Үздік олимпиадалық команда» атағын жеңіп алады. Зияткерлік олимпиадаларға сапалы дайындалу және жоғары нәтиже көрсету үшін Орталық демалыс кезінде оқу-жаттығу жиындарын өткізеді, оған бұрынғы олимпиадалардың – өткен жылдардағы халықара-

таңдауда және болашақ түлектің талаптары мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу орнын таңдауға көмектесу үшін 2020 жылдың желтоқсан айында Орталықта «Qabile» кәсіптік бағдар беру қызметі ашылды. Бұл қызмет 7-11 сынып оқушылары үшін жеке тұлғаның зияткерлік қабілеттері мен кәсіби өзін-өзі анықтауын, оқушының психологиясын, дағдысын, білімін, дарындылығын, икемін ескере отырып, кез келген мамандыққа бейімділігін анықтайды. «Qabile» қызметі балалардың зияткерлік қабілеттерін анықтау, кәсіби кеңес беру және 3 бағыт бойынша кәсіби маңызды құзыреттерді меңгеру мақсатында диагностика жүргізеді. 2022 жылы «Астана дарыны» орталығының «Qabile» қызметі онлайн-платформасында 10-11



жақсы бағыттау – әр ұстаздың міндеті. Мұғалімнің бүкіл мақтанышы шәкірттерінде, өзі шашқан ұрпақтарының өсіп-өнуінде десек, республикалық және халықаралық рейтингтік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне республиканың жоғары оқу орындарында оқу үшін білім гранттары беріледі. Республикалық олимпиадалардың конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін көтермелеу және ынталандыру үшін орталық жыл сайын 1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында Астана қаласы әкімінің дарынды балалармен кездесуін өткізеді.

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына республикалық деңгейде «National Geographic Kazakhstan» танымал ғылыми географиялық журналмен бірлескен география пәнінен Ұлттық олимпиада, Exxon Mobil компаниясының қолдауымен биология және химия пәндерінен республикалық олимпиада, Astana IT University мен BI Group ірі құрылыс корпорациясының қолдауымен робототехникадан «Robotek Grand Tournament» республикалық турнир сияқты бірқатар жобаларды ұйымдастырып өткізу енгізілді.



жас аралығындағы балалардың қабілеттерін анықтаудың «4К» (шығармашылық, сыни ойлау, ынтымақтастық, қарым-қатынас) диагностикасын ұйымдастырып, жүргізді. Бүгінгі күнге дейін Астана қаласы бойынша 10-11 жас аралығындағы балалардың қабілет диагностикасы бойынша 18448 оқушы тіркелсе, 15612 оқушы диагностикадан өтті.

ОЛАР ҚАЛАЙ ІРІКТЕЛЕДІ?

«Бұлақ көрсен, көзін аш» деп бекер айтылмаған екен ғой. Дарынды балаларды анықтап, олардың қабілеті мен мүмкіндіктерін бақылап, әрі қарай

P.S: Елорда ұстаздарының мақсаты – ұлттық құндылықтармен қаныққан, жауапты, еңбекқор, белсенді, отаншыл және өзіндік азаматтық ұстанымға ие ұрпақты тәрбиелеу. Осы орайда білім бәйгесінде оза шауып, биікке өрлеу оңай емес. Білім досының нәтижелері арқылы білім сапасының деңгейін анықтауға болады. Білім сайыстарына бақ сынаған оқушылар оқу ордасының, ұстаздарының абыройын асқақтату үшін, арман-мақсатының орындалуы жолында тынбай еңбектенеді. Елордалық оқушылардың лидерлерін айқындап, ерекше қабілетімен көзге түскендерді шындайтын орталық шығармашылық тұлғаның дамуына негіз болатын әртүрлі интеллектуалды іс-шараларды жүзеге асырып, білім алушының тұлғалық кемелденуін, белсенді азаматтық ұстанымын, коммуникациялық дағдыларын, ақпараттық сауаттылығын, әлеуметтік жауапкершілігін, сыни пайымын дамытуға, қоғамдық ортаға сай мінез-құлқын қалыптастыруға көмектеседі.

Шыны керек, қазір баласын түсіне алмайтын, түсінгісі келмейтін ата-аналар арамызда жүр. Неге? Себебі әке мен баланың таным-түсінігі, өмірге деген көзқарасы екі түрлі. Рас, бүгінгі әкелерді X немесе Y буынға жатқызсақ, олардың ұл-қызына жататын зет (Z) немесе альфа (A) буын нені қалайды, соған мән бере бермейді. Мәселе осында.

«Z» ҰРПАҚ ДЕГЕН КІМ, «A» БУЫННЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Тарихта орын алған оқиғаларға байланысты әр буынды бөлек-бөлек ерекшелуге болады. Әлеуметтанушылар бұл құбылыс 15-30 жыл сайын қайталанып отыратынын айтады. Яғни әрбір буынға жаңа көзқарас пен құндылық жиынтығы сай келеді. 1901-1924 жылы туғандарды «жеңімпаз ұрпақ» деп атайды.

1925-1945 жылдар аралығындағы «үздік ұрпаққа» жатқызады. Бұл буынның құндылығы пайда болуына XX ғасырдағы ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс және тағы басқа оқиға әсер еткені анық. Олар ережені сақтау, заңға бағыну, лауазым иесіне деген құрмет, ар-намыс, шыдамдылық пен төзімділік қасиетімен ерекшеленеді.

1946-1964 жылы туғандарды «бәби бумер» буынына қосады. Бұл кезең адамның ғарышқа ұшуы, медицинаның жақсаруы, ғылымның дамуы, білім беру жүйесінің сапаға ие болуымен ерекшеленеді. Тарихи оқиғаның әсерінен болар, «бәби бумерлер» оптимистік көзқараста болып, карьераға құштарлық танытатынын көруге болады.

1964-1980 жылы «X ұрпаққа» қырғи-қабақ соғыс, қоғамдағы қайта құру мен жариялық жағдайы әсер етіп, өзгерістерге дайын болуға, білім алу құштарлығына, өзіне сенуге, гендерлік теңдікті талап етуімен айқындалды.

1981-1995 жылы «Y ұрпақтың» сана-сезімі қалыптасуына сандық технологияның дамуы, ұялы телефон мен интернеттің игілігі оң әсер етті. Олар бірден пайда көрді, бірден табысқа ие болуды мақсұттайды.

1995-2010 жылы Z ұрпақ қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөліп, қалыптасқан ереже мен заңдарды сақтауға бейім. Олар виртуалды өмір құндылығына басымдық береді. 2010 жылдан кейін туғандар A ұрпаққа жатады. Альфа буын құндылықтары енді ғана қалыптасып келеді.

Бізге маңыздысы – Z және A буынның көзқарасы мен қабілеті, танымы мен талабын зерделеу. Әлеуметтанушы Зейнеп Әбетованың сөзіне, бұл буынға интернет пен онлайн кеңістік мекендеу ортасы болса, оның қоғамы – цифрлық қоғам.

– Өмірінің көп бөлігін интернетте өткізеді. Желіде және одан тыс өмір арасында айырмашылық жасамайды. Бұл гибридік өмір технологиясымен бірлесе отырып, ұрпақтың барлық қажетін қанағаттандырады, өзін білдіруге және қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Олардың бір-бірімен араласуы чат арқылы дамиды. Цифрлық гаджеттер (планшет, смартфон, компьютер) олардың денесінің және жеке тұлғасының бір бөлігі, қоршаған әлемді қабылдау тәсілі, басқалармен тұрақты байланысының құралына айналады. Тіпті олар ұйықтаған кезінде өзінде хабарлар фондық режимде келіп тұрады, – деді ғалым Зейнеп Әбетова.

Көрдіңіз бе, бүгінгі ата-аналар X және Y-ға жатады десек, Z және A буындағы «цифрлы

ұрпақтың» өмірді тану деңгейі екі түрлі. Бұрынғы буындардың көзқарасы әртүрлі болғанмен, бір-бірімен үндесе дамыды. Ал қарқынды дамыған цифрлық технология «іштен біліп туған» буын мен алдыңғы толқынның аражігін айқын ажыратып тастады. Міне, әке мен бала арасындағы түсінбеушілік осы жерден туындап отырғаны анық.

– Z және A ұрпағының көзқарасы әлеуметтік желі арқылы қалыптасады. Интернет және әлеуметтік желі – цифрлық ұрпақтың жаңа әлеуметтік тәжірибесі, іс-әрекетінің формасы мен дағдысы пайда болатын кеңістік. Жаңа ұрпақ өзінің мүддесі, құндылығы, ойын тәжірибесі, сезімі мен тілегі, жаңа технологиялармен туған өмір салты арқылы қоғамды өзгертеді. Интернет – ақпарат берудің жаңа құралы ғана емес, сондай-ақ өмір сүрудің жаңа тәсілі, онда кеңістік пен уақыт маңызды емес, ал әлем біртұтас виртуалды киберкеңістікке қосылды. Онда әркім кез келген адаммен, кез келген жерде және кез келген жерде сөйлесе алады, – дейді әлеуметтанушы-ғалым Зейнеп Төлегенқызы.

Әлемде апта сайын 2,5 миллионнан астам альфа сәби дүниеге келеді. Бұл буынның соңғы өкілі дүниеге келгенде (2025 жылы), олардың саны 2 миллиардқа жуықтайды екен. Альфалардан не күтуге болады?

Бұл сұраққа психолог Назира Аймаханова былай жауап берді: «Альфа буынның өміріне технологияның әсері орасан зор болатыны қазірдің өзінде белгілі. Жасанды интеллект, робот және «ақылды» ойыншықпен әрекеттесу арқылы өсіп, жетіледі. Z үшін әлеуметтік желі құрал болса, A үшін тұрақты өмір салты болады. Яғни интернет кеңістігінде өмір сүру қалыпты жағдайға айналады».

A ұрпақтың бір ерекшелігі – олар қаржылық жағынан қауіпсіз, әрі технология жетілген заманның тұрғыны. Олардың өмір құндылығына басымдық береді. 2010 жылдан кейін туғандар A ұрпаққа жатады. Альфа буын құндылықтары енді ғана қалыптасып келеді.

Бізге маңыздысы – Z және A буынның көзқарасы мен қабілеті, танымы мен талабын зерделеу. Әлеуметтанушы Зейнеп Әбетованың сөзіне, бұл буынға интернет пен онлайн кеңістік мекендеу ортасы болса, оның қоғамы – цифрлық қоғам.

Ғылыми айналымға альфа ұғымын енгізген Аустралиялық социологы Марк Маккриндл келешекте бета және гамма ұрпақтары келетінін дәйектеді. Бізге маңыздысы, Z буын еңбекке араласып, өзінің көзқарасы мен талабын таныта бастаса, A ұрпақ енді қалыптасып, дамуда. Олардың көбі виртуалды өмірді басымдық еткенін ескерсек, келешекте жұмыс күші қысқарып, еңбек нарығында жетіспеушілік орын алатыны сөзсіз. Осы бастан альфа ұрпақтың ырқына көніп, технологияны дамыту керек, болмаса жас буынның бойына еңбек құндылығын сіңіру міндеті тұр.

Қысқасы, келешекті ойлағанда әр буынның ерекшелігін, өмірге деген көзқарасын ескеріп, стратегиялық жоспарды құру маңызды. Осы мақсат негізсіз, мұрат мәңсіз болады.

БАСПАСӨЗ-2023

ЕЛДІҢ ТӨРІ – ЕЛОРДА ШЕЖІРЕСІ

«АСТАНА АҚШАМЫ»

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7172) 42-43-52

ГАЗЕТКЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТТІҢ «АҚШОЛТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БІЛІМШІЛЕРІНЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая"-2) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс: 65617	Баспалық жазылу бағасы	Индекс: 15617	Баспалық жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 430 3 айға 1 335 6 айға 2 670	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 900 3 айға 1 500 6 айға 3 000
Индекс: 65617	«Қалочка» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс: 15617	«Қалочка» АҚ арқылы жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 629,71 3 айға 1 889,13 6 айға 3 778,26	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 889,71 3 айға 2 669,13 6 айға 5 338,26
Индекс: 65617	«Express Press Astana» ЖШС	Индекс: 15617	«Express Press Astana» ЖШС
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 740 3 айға 2 220 6 айға 4 440	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 920 3 айға 2 760 6 айға 5 520

va-@akshamy.kz | www.astana-akshamy.kz



Суреттер авторы Бек МЕРЕНОВ

СЫРЫМ БАТЫР БЕЙНЕСІ СОМДАЛДЫ

Астана қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен «Жастар» театрында «Сырым батыр» тарихи драмасы көрсетілді. Аталмыш қойылымды елордаға Орал қаласының «Алтын орда» балалар мен жасөспірімдер театры алып келді. Спектакль көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қажығали Мұхамбетқалиұлы және белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рахымжан Отарбаевтың шығармалары желісімен сахналанды. Қоюшы режиссері – Мәдениет саласының үздігі Самал Абуов, қоюшы суретшісі – Әсем Төлепберген.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Спектакльде XVIII ғасырдың соңында еліміздің батыс өлкесінде болған Отан тарихындағы іргелі оқиға - ұлт-азаттық көтеріліс көсемі Сырым Датұлының балалықтан даналыққа дейінгі жолы сомдалды. Кәсіби емес актерлерден құралған театр ұжымы соны әсерлі жеткізе білді. Залда ине шаншар орын қалмай, көрермендер қойылымды ыстық ықыласпен қабылдады. Арнайы қонақ ретінде шақырылған белгілі тұлғалар да тарихи драманың мән-маңызы, Сырым батырдың тарихтағы орны, сахналық туынды авторларының мұрасы жайында мағыналы әңгіме өрбітті.

– Театр сахнасында Сырым батырдың образын сомдаудағы, тарихта қалған үлкен көтерілісті өнер

арқылы жеткізудегі бұл алғашқы қадам екен. Менің досым, қазақтың аяулы жазушысы Қажығали Мұхамбетқалиұлы дүниеден өткенде «шын қаламгердің өзі өлсе де, мұрасы өлмейді. Қажекеннің енді екінші өмірі басталды. Бұл екінші өмірі бірінші өмірінен де маңыздырақ болуы мүмкін» деген сөзді айтқан едік. Бүгін сол сөздің растығының куәсіндей болып отырмыз. Біріншіден, осы арқылы даңқы жер жарған Сырымды бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіре беретін болсақ, екіншіден, қазақтың әдебиеті үшін, қазақтың руханияты үшін үлкен еңбек еткен жазушылар ұмытылмайтынын, ел үшін еткен еңбек зая кетпейтінін көріп отырмыз, – деген көрнекті жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлен Әбдік Қажығали Мұхамбетқалиұлының «Тар кезең» романының ерекшеліктеріне,

күдіретіне тоқталды. Спектакльге қатысты кеңестерін айтты.

Мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мынбай кеңес заманынан бері қарай Сырым батырға әртүрлі көзқарас болғанын, «Тар кезең» романын жазу үшін жиырма төрт жыл бойы ізденіп, архивтерді ақтарған жазушы Қажығали Мұхамбетқалиұлының тұлғаны танытудағы үлкен еңбегін атап өтті.

– Көп адам білмейді, сонау 1944 жылы Венаның опера және балет театрында қазақтар Сырымның образын алғаш көрсеткен. Оны да зерттеуіміз керек әлі. Сырым батыр – тәуелсіздік жолындағы күресіміздің басында тұрған үлкен тұлға, – деді Дархан Мынбай.

Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Серік Қайырлиев өткен жылы Сырым батырдың 280 жылдығы аталып өтіп, аталмыш қойылым соның аясында

сахналанып айтты. Астанаға батыр ұрпақтарының қолдауымен әкелінгенін жеткізді. Орал қаласы әкімінің атынан Астананың Мәдениет басқармасына, бас қаланың «Жастар» театрына алғыс хат пен естелік сыйлықтарды тапсырды.

Жазушы Қажығали Мұхамбетқалиұлының жары Сұлхан Фатихқызы аталған қойылым қаламгердің «Тар кезең» романы желісімен емес, осының алдында жазылған шығармасы негізінде сахналанып айтты. «Тар кезең» орыс және ағылшын тілдеріне де аударылғанын жеткізіп, алда осы роман бойынша спектакль қоюды ұсынды. «Сырым батырды» қойған театр ұжымына, Астанаға әкелінуіне қолдау көрсеткен демеушілерге алғыс айтты. Демеушілер атынан Esil University Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті директорлар кеңесінің төрағасы Берік Бейсенғалиев жазушы жарына құрмет көрсетті. Сырым батырдың кіндік қаны тамған жерден келген ақын, журналист, «Сырым елі» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Бауыржан Ширмеденұлы елдің сәлемін жеткізді. Сырымның тарихи бейнесін жинақтап, ұсынған Вяткин екенін, ал батырдың әдеби бейнесін жазушы Жәрдем Тілеков «Сырым» атты дастаны арқылы алғаш жасағанын жеткізді.

МОЦАРТ МҰРАСЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының симфониялық оркестрі классик композитор Вольфганг Амадей Моцарттың шығармашылығына арналған «Моцартиана» моноконцертін ұсынды.

Кеш бағдарламасында композитордың алуан түрлі шығармалары – «Фигароның үйлену тойы» операсына увертюра, Валторна мен оркестрге арналған №3 концерт және «Юпитер» № 41 симфониясы енгізілді.



«Фигароның үйлену тойы» әуендері 1786 жылы тұсаукесерден бастап көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленген. Операның увертюрасы екпінді, көңілді және Фигаро мен басқа кейіпкерлердің бейнесіне дәл келеді.

Валторна аспабы XVIII ғасырда танымалдыққа ие болып, жетекші орынға шықты. Моцарттың шығармашылығы Венаның басқа классиктерімен қатар осы аспаптың дамуында үлкен үлес қосты. Соның ішінде валторна мен оркестрге арналған № 3 концерт композитордың жауһар туындысы саналады. Бұл шығарманы оркестрмен бірге «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, симфониялық оркестрдің бас дирижері Қалқаман Дүйсембаев орындады.

Әйгілі композитор Петр Чайковский Моцарттың № 41 симфониясын симфониялық музыка кереметтерінің біріне балады. Бұл – композитордың соңғы шығармаларының бірі.

АВТОБУСТА ӘН САЛАДЫ

Басында шляпасы, қолында гитарасы бар мұртты әнші ағайды елордада қоғамдық көлікпен жүретіндердің көрмегені кемде кем. Автобуста ән салуды Арыс қаласынан астанаға келіп, өнер ошақтарынан жұмыс таппай, табанынан таусылып жүргенде аяқ асты бастап кеткеніне биыл 9 жыл болыпты. Тұрмыс тауқыметі қинаса да, өнері үшін ақша сұрауды ниет етпеген әуесқой әнші Маханбетәлі Тұрымбетовтің бар арманы – елордада бір мәдени мекемеде жұмыс істеп, талантын дамыту ғана еді.

**Райхан
РАХМЕТОВА**

Туған жерінде тойханаларда ән айтып жүргенде бір дөкей оны елордаға шақырып, астанада керемет атақ-даңққа бөленесің деп үздені үйіп-төгеді. Алайда астанаға келсе, ол адам қарасын да көрсетпей, хабарсыз қалады. Сөйтпін вокзалдан түскеннен бастап тек қиындықтарға тап болады. Сонда да болса ауылға қайтуға арланып, Учхоздағы қарындасының үйіне тұрақтайды. Қолына гитарасын алып, сол жақтан күнде №9 автобуста мініп астанадағы бүкіл мәдениет ошақтарын аралап шығады. Бірақ ешбір басшы оның әндерін тым болмаса тыңдап көруге мойын бұрмайды. Себебі оның жасы да елуден асқан, әрі дипломы да жоқ еді. Тек өнеріне ғана сенеді. Сөйтпін жүргенде өзі күн сайын мінетін әлгі маршруттағы автобустың кондукторлары мен жүргізушілері одан

хал сұрасады. Басында оны гитара сатады деп ойлаған. Өнерін білгесін ән айтып беруін өтінеді.

Қоғамдық көлікте ән айтуды ойына да алып көрмеген Маханбетәлі аға мұны басында ұят нәрсе көріпті. «Біреу жақтырады, біреу мазамды алды дер» деп ойлаған. Ақыры тіпті жолашушылар да қолқа салып өтінген соң, өзі көптен көңілі күпті болып жүрген жан репертуарындағы әдемі әндерін шырқай жөнеледі. Оның жанды дауыста гитарамен шырқаған әндері көпшілікке қатты ұнап, алғыс ретінде қалтасына ақша салып кетеді. Әншілігі астананың қоғамдық көліктері арасына кең тарап, олар бірінен бірі жарыса оны өз көлігімен алып жүруге таласады. Сөйтпін қай көлік шақырса, соған мініп, автобуста таңнан кешке дейін барлық рейс біткенше елдің көңілін көтеріп, ән салады. Репертуарында 200-ге жуық қазақ, орыс және қырғыз әндері бар әуесқой әнші үшін аяқтан

тұрып, таңнан кешке дейін ән салу еш қиындық келтірмеген. Артынан дауысын қатты шығаратын караоке микрофонмен айта бастады. Сол аралықта желі жұлдызына айналған кейіпкерімізді телеарналар да талай рет хабарына қонақ еткен, біраз сайттарда ол туралы жазылған. Бірақ ол өздері қонақ етіп шақырып алып, әншінің намысына тиетін сұрақтар қоятын, экранда жылы күліп отырғанмен, эфирден тыс уақытта адам менсінбейтін талай танымал адамдарды көріп, көңілі қалғанын да жасырмады. Өнерді сүйген таза ниетін ақша тіленіп жүрген қайыршыға теңестіретіні жанына батады. Жұлдыз болу оның басты арманына жетуіне септік етпеді. Әрі қарай бұрынғы тірлігін жалғастыра берді.

– Осы он жылға жуық уақыт ішінде елордада автобуста ән салып жүріп талай қызыққа да, қиындықтарға да тап болдым. Әділетсіздікті де, екіжүзділікті де көрдім. Әрине, жаны таза жақсы



адамдар да көп. Талай рет сөмкеме ақша салып жатқан болып, керісінше, мені тапқанымды ұрлағандар болды. Елдің мазасын алдың деп полиция ұстап өкеткен сәттер де кездесті. Жұдырығын ала жүгіретін есерсоқтар да шықты. Бірақ мен ән айтуды жалғастыра бердім. Тек пандемия кезінде біраз қиналып қалдым. Индет кеткен соң қайта шығып жүрмін. Дегенмен бұрынғы кондуктор, жүргізушілер ауысып кеткен. Қазіргілері олар сияқты өздері қатты құлшыныс танытпайды. Әйтеуір, бір жақсысы барып сөйлесем, кет әрі демейді. Менің сонда өнер көрсеткенімді жақтырмай тұрғанын білсем, көліктен түсіп өз жолыммен кете беремін. Себебі ешкімнің

көңілінде мен туралы жаман ой қалғанын қаламаймын. Табысыма келсек, әр кезде әрқалай. Бір күні бір-ақ адам 20 мың беруі мүмкін, бір күні үйге тек 200 теңгемен қайтуым мүмкін. Көңілі түссе каспий голд нөміріме де әркім жағдайына қарай салып жағады. Бастысы, мен бұл ісім үшін арланбаймын, себебі мен бер деп қайыр тілемеймін, тек өнерімді көрсетемін. Оның үстіне қазақша білмейтін елордалықтарға қазақтың мықты әндерін насихаттап жүрмін деп санаймын, – дейді Маханбетәлі аға.

Кейіпкеріміз қазақ өнерінен орынды тапсам деген арманынан әлі де айныған жоқ. Соған қоса 7 баланың әкесі қазір кенжесі - ұлының оқуына қаржы жинап, соны аяқтандырсам деген ниетте. Қалған 6 қызы үйлі-баранды. Астанада тек жарымен бірге тұрады. Өзі де, жұбайы да кезінде теміржолда істеген. Қазір өзі арасында ауырып қалмаса автобустар мен қызығушылық танытқан жандардың тойларында ән айтуға шығады, жары әртүрлі концерттерде көрсету орындарында еңбек етеді.

Атағы мен қызметі болмаса да, елордалықтардың көзайымына айналған Маханбетәлі сияқты қарапайым халық арасынан шыққан әуесқой әншілерді қолдайтын мәдениет орындары болса дейсің... Олар қандай болса да, осы қоғам өкілі. Бастысы, қылмыспен, алаяқтықпен емес, адал өнерімен нәпақасын тауып жүр.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №16
Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

☎ **Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлмесі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

✉ **aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА